

Бүгінгі таңда ел қамынан басқа қандай мүдде болуы мүмкін? Сондықтан елдің ақыны да, әкімі де бір мақсатты көздеуі керек.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

РУХАНИЯТ



«КИЕЛІ
ЖОЛДЫҢ ИЕСІ –
РАЙЫМБЕК»

6

ТУРИЗМ



АЛМАТЫ –
ТУРИСТЕР ҚАЛАСЫ

7

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 15 қазандағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
974 951

II компонентпен
907 072

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

16.10.2021

Түнде:

+4+6 °C
Көшпелі бұлтты
жауын-шашынсыз

Күндіз:

+15+17 °C
Көшпелі бұлтты
жауын-шашынсыз



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

17.10.2021

Түнде:

+4+6 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз

Күндіз:

+15+17 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз



Желдің
жылдамдығы:
0-5 м/с

ӘКІМ

АЛМАТЫ МЕТРОПОЛИТЕНІ: ЖОЛАУШЫЛАР АҒЫНЫ АРТАДЫ

Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев метрополитеннің құрылыс барысымен танысты



Метрополитеннің екінші іске қосу кешені аралық тоннельдерден және қазіргі кезде әрлеу жұмыстары жүріп жатқан «Сарыарқа» және «Б.Момышұлы» деп аталатын екі бекеттен тұрады. Метрополитеннің бірінші желісінің екінші кезегі екінші

іске қосу кешені учаскесінің трассасы Абай даңғылының астында, Алтынсарин даңғылынан Яссауи көшесіне дейін батыс бағытта орналасқан. Құрылыс ұзындығы екі жолды бағытта 3,08 шақырымды құрайды.

2

ТАҒЗИМ

Қазақ мәдениетінің мерейлі мерекесі

Алматыда ұлы композитор
Нұрғиса Тілендиевке
ескерткіш-тақта ашылды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Кеше Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының Камералық залына Халық Қаһарманы, ҚР Халық артисі Нұрғиса Тілендиевтің есімін беру рәсіміне орай мемориалды тақтаның ашылуы және еске алу кеші өтті. Іс-шараға ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің және Алматы қаласы әкімдігінің өкілдері, қоғам қайраткерлері, Н.Тілендиевтің туыстары қатысты.

6

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бейнебайланыс форматында өткен ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысына қатысты.
- 2022 жыл – ТМД-ның халық шығармашылығы мен мәдени мұрасы жылы деп жарияланды.
- Азия чемпионатында Алматының «Буревестник» клубы үшінші орын алып, қола жүлдегер атанды.
- Арменияда өткен «ТМД үшін 100 идея» байқауында «Таза сутегімен жұмыс істейтін қозғалтқыш» атты қазақстандық стартап жоба жеңімпаз атанды.
- Ипотека алған қазақстандықтар саны 2 есеге өскен.
- Елдегі мемлекеттік қызметшілердің 60%-ы әйелдер.
- Қызылордалық өнертапқыш Алматы ауасын жақсартуға үлес қоспақшы.
- Алматыда гендерлік теңдік проблемаларын зерттейтін Еуразиялық орталық ашылуы мүмкін.
- 18 қазанда еліміз Рухани келісім күнін атап өтеді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



ӘКІМ



ЖОЛАЙРЫҚТАР КӨЛІК ЖҮКТЕМЕСІН АЗАЙТАДЫ

Қала әкімі ірі көлік жолайрықтарының
құрылысын жеделдетуді тапсырды



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев автожол жолайрықтары құрылысының қарқыны мен магистралды көшелерді ұзарту жұмыстарының барысымен танысты.

Барлығыңызға белгілі, «әуежай айналымында» төрт және алты жолақты қозғалысы бар үш деңгейлі жолайрығының құрылысы жүруде. Қазіргі таңда Құлжа трактісі бойындағы ұзындығы 784 метр болатын екі эстакаданың бірінің құрылысы аяқталуда. Жауапты мамандардың айтуынша, қараша айында оның бойымен көлік қозғалысын ашу жоспарланып отыр.

Ал Бұқтырма көшесі бойында 570 метрлік туннельдік өткел салынып жатыр. Жер деңгейімен барлық оң жақты съездер, сондай-ақ «Алатау» шағынауданы бағыты бойынша жолға шығу қарастырылған. Жолайрық көлік ағындарының қиылысуын болдырмауға мүмкіндік береді.

Құлжа трактісі бойындағы жолайрықтың көлік өткізу қабілеті 15%-ға, ал Бұқтырма көшесі бойында – 30%-ға артады. Бұдан Түркісіб ауданы мен Алматы облысының қала маңындағы елді мекендерінің 350 мыңға жуық тұрғынының мобильділігі артады.

Қала басшысы Бақытжан Сағынтаев, сондай-ақ Рысқұлов даңғылы мен Емцов көшесінің бойындағы көпірден тұратын

барлық бағыттағы жолайрықтың құрылыс қарқынын бағалады. Эстакаданың ұзындығы – 186 метр. Жекелеген бүйірлі бұрылыстар бойынша қозғалыс ашық. Эстакада құрылысын кешіктірген соңғы 2 учаске алынып тасталды. Соның арқасында құрылыс қарқыны артты. Қазіргі таңда нысанның 80%-ы дайын.

Аталмыш көлік айрығы Рысқұлов даңғылында көлік өткізу қабілетін тәулігіне 80 мың автомобильге дейін, Емцов көшесіндегі өткізу қабілетін 40 мыңға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұдан өзге, Алматы қаласының әкімі Абай даңғылын үңгілеудің барысымен танысты. Момышұлы көшесінен Наурызбай ауданының әкімшілік орталығына дейін



ұзындығы 3,5 шақырым учаске құрылысы жүріп жатыр. Әр бағытта қозғалыс үшін 3 жолақ, Әшімов көшесінің үстінен 400 метрлік эстакада, тротуарлар мен велосипед жолдарын салу қарастырылған.

Нысанның дайындығы шамамен 85%-ды құрайды. Метрополитен желісінің үстіндегі 600 метрлік учаске аяқталғаннан кейін жыл соңына қарай жаңарған даңғыл бойынша көлік қозғалысын ашу жоспарлануда.



Наурызбай ауданы «Таусамалы» шағынауданындағы Қонаев көшесін реконструкциялау аяқталуда. Ұзындығы 1,2 шақырымдық жолды 2-ден 4 жолаққа дейін кеңейтеді, мұнда тротуарлар, веложолдар мен арық желісі болады. Дайындық – 90%. Асфальттың жоғарғы қабатын төсеу жұмыстары жүруде. Б.Сағынтаев жұмысты ағымдағы айдың соңына дейін аяқтауды тапсырды. Қараша айында абаттандыру үшін ағаш көшеттері отырғызылады.

АЛМАТЫ МЕТРОПОЛИТЕНІ: ЖОЛАУШЫЛАР АҒЫНЫ АРТАДЫ

Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев метрополитеннің құрылыс барысымен танысты



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Екінші іске қосу кешенінің жалпы дайындығы 91%-ды көрсетеді. Бүгінде темір-бетон конструкцияларының құрылысы, аралық тоннельдерді қазу жұмыстары өз мәресіне жеткен. Ал сәулет-әрлеу жұмыстары мен жолдың жоғарғы құрылысы аяқталуға жақын. Қалған жұмыстарға инженерлік желілерді төсеу және жабдықты іске қосу кіреді.

Бүгінде орташа тәуліктік жолаушылар ағыны 30 мың адамды құрайды. Мамандардың есептеуі көрсеткендей, екінші іске қосу кешені пайдалануға берілген соң орташа тәуліктік жолаушылар ағыны шамамен 86 мың адамға жететін болады. Бұл Абай даңғылындағы көлік қозғалысын едәуір жеңілдетуге және мыңдаған қала тұрғындары мен қонақтарының мобильділігін арттыруға мүмкіндік береді.



«Сарыарқа» бекеті – терең төсемді, пилон типті. Вестибюльден, екі кіру тобынан тұрады. Бекетте 2 лифт, 8 эскалатор орнатылған. Ол «Фэмили» саябағының жанында, №3-8, 12 шағынаудандарға жақын маңда, яғни қаланың ең тығыз елді мекендерінің бірінде орналасқан.

«Б.Момышұлы» бекеті – ұсақ қаланған, колонна типті. Екі жерасты вестибюлінен, алты кіру тобынан тұрады. Онда 6 лифт, 15 эскалатор қарастырылған. Аталған бекет

Абай даңғылының жүріс бөлігінің астында, Момышұлы көшесінің батысында орналасқан. Бекет «Жетісу», «Жетісу-2», «Жетісу-4», «Мамыр», «Мамыр-5», «Мамыр-7» шағынаудандарын қамтиды.

Қала әкімі Б.Сағынтаев жыл соңына дейін станциялардың техникалық іске қосылуын қамтамасыз ету үшін құрылыс-әрлеу жұмыстарын жоғары қарқынмен жүргізуді тапсырды. Ол іссапар барысында үшінші іске қосу кешені құрылысының барысын бағалады.

Метрополитеннің бірінші желісінің екінші кезегінің үшінші іске қосу кешені учаскесінің трасса құрылысы жүріп жатқан Абай даңғылының астында, Яссауи көшесінен Әшімов көшесіне дейін батыс бағытта орналасқан. Ұзындығы 2,5 шақырым қос жолды бағыттағы аралық тоннельдерден және ұсақ төселген «Қалқаман» бекетінен тұрады. Құрылысты келесі жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда. Есептік жолаушылар ағыны күніне шамамен 93 мың адамды құрайтын болады.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Құлжа трактісі бойындағы ұзындығы **784 метр** болатын екі эстакаданың бірінің құрылысы аяқталуда.



Ағымдағы жылы «Бастау бизнес» курсынан **2200-ден астам** алматылық өткен.



Бүгінде метро арқылы тәулігіне **30 000-нан астам** жолаушы тасымалданады.



«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында **1 млрд. теңгенің 73 жобасы** қаржыландырылды.



«Бюджетке қатысу» жобасы аясында **141** балалар және спорт алаңы құрылады.

Шымбұлаққа – электрлі автобуспен

Осы аптада бейсенбіден бастап Медеу мен Шымбұлаққа электрлі автобустар жүре бастады.

13 орынды SAIC MAXUS EV90 экологиялық көлігінің бірреттік қуаты 260–280 шақырымға дейін жүруге жетеді. Алматы қаласында «ELECTRO TAXI» пилоттық жобасының екінші кезеңін іске асыру аясында шағын электрлі автобустарды «ЭҚС Операторы» сатып алды. Экологиялық көлік сынақтан өтті. Ол барлық техникалық және экологиялық талапқа сәйкес. Қоршаған ортаға еш зиян келтірмейді. Шағын электрлі автобуспен жол жүру құны – 500 теңге. Зейнеткерлер мен жеңілдік санаттары бар азаматтар үшін жолақы – 250 теңге. Ал 7 жасқа дейінгі балалар мен мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жол жүру тегін. Жолақы төлемін Kaspi қосымшасы арқылы («Такси» бөлімінде), қолма-қол ақшалай төлемді «Медеу» ЖСК және «Шымбұлақ» КТ орналасқан төлем терминалы арқылы жүргізуге болады.

Әсел ДАҒЖАН.



Санақтан сырт қалмаңыз!

Алматылық сарапшы қазақстандықтардың нақты санын санақтың көмегімен ғана білуге болатынын айтты.



Әсел
ДАҒЖАН

Алматы тұрғындарының үйлеріне биылғы халық санағының интервьюерлері келе бастады. Дәстүрлі формат балама онлайн нұсқасымен қатар жүріп жатыр. 1 қазанда басталған пәтерлерді аралау шарасы 30 қазанға дейін жалғасады. Осыған байланысты «Адырна» ұлттық этнографиялық бірлестігінің президенті Арман Әубәкір 7 миллионнан астам қазақстандықты халық санағына қатысуға шақырды. А.Әубәкір халық санағының онлайн-құралы оның қызығушылығын тудырғанын айтты. Әрі бұл әдіс жоғары деңгейде ойластырылған және ұйымдастырылған.

«Үйде санақ жүргізу өте ыңғайлы, көп уақытты да алмайды. Біздің еліміз осы тұрғыдан статистика саласындағы осындай прогресті мақтан тұтуы керек. Бәрі түсінікті, қиын емес. Барлық сұрақтарға шынайы жауап бердім», – дейді А.Әубәкір.

Қазанның 1–30 қазан аралығында онлайн-санақтан өтпеген алматылықтар мен ел тұрғындары оның дәстүрлі форматына қатыса алады. А.Әубәкір Қазақстанда тұратын отандастар мен

шетелдік азаматтардан бұл процестен шеттетілмеуін сұрады, өйткені санақ жүргізушілері барлық ақпаратты респонденттердің сөзінен жазып алады.

«Сіздің жауаптарыңыз статистикада ескеріледі. Азаматтар іс-шараның барлық жауапкершілігі мен маңыздылығын түсінуі керек. Ақпараттық жүйе қаншалықты дамығанына қарамастан, санақ кезінде алынған аналитиканың баламасы жоқ. Елдің байлығы – оның халқы екенін есте сақтау қажет, ал қазақстандықтардың нақты санын санақтың көмегімен ғана есептеуге болады», – деді «Адырна» бірлестігінің жетекшісі.

Егер халық санаққа қатысуды елемей, интервьюерлерді үйге жібермейтін болса, онда статистер сенімді деректер алмайды, ал алдағы жылдарға бюджетті, әлеуметтік бағдарламаларды жоспарлау қажеттігін түсіндірді.

Ол статистерге жеке ақпарат қажет еместігін, барлық ақпарат несіздендірілетінін айтты. А.Әубәкір санақтағы белсенділігі үшін «Адырна» бірлестігінің қатысушыларына алғысын білдіріп, Алматының басқа тұрғындарын маңызды іс-шарадан тыс қалмауға шақырды.



БИЗНЕС БАСТАУЫ ҚАЛАНУДА



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының директоры Айтуар Қошмамбетов Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында «Бастау бизнес» жобасының сәтті жүзеге асатынын хабарлады. Биыл 2201 әлеуетті кәсіпкер курстан өтті, оның 277-сі мемлекеттік қолдауға ие болды.

Жобаның арқасында жұмыссыздар бастапқы капиталдың болмауы мәселесін шеше алады, ол үшін кәсіпкерлік курстарынан өту жеткілікті.

А.Қошмамбетовтың айтуынша, бизнестің басталуы оқыту барысында қаланады. «Бастау бизнес» қатысушыларын кәсіби бизнес-жаттықтырушылар оқытады, олар қандай қаржы институттарында және қандай шарттар бойынша ісін жана бастаған кәсіпкердің бастапқы капиталды алу мүмкіндігі бар екенін айтады.

Жаңадан келген кәсіпкерлерге бизнес-жоспарды бірнеше қадамға қалай бөлуге және оларды өздеріне зиян келтірместен дәйекті түрде орындауға болатындығы түсіндіріледі. Бағдарламаға қатысушыларға 200 АЕК көлемінде гранттар бөлінеді. Бұл шамамен, 500 мың теңге қаражат өз ісін ашуға жеткілікті.

Сондай-ақ, А.Қошмамбетов «Учёт.кз» Atameken Business Club платформасы іске қосылғанын жеткізді. Енді ниет білдірушілер бухгалтерлік есеп, салық, кадрлар және бизнесті жүргізудің басқа да өзекті мәселелері бойынша тегін онлайн-кеңестер ала алады. Сабақтарды Amazon, Wildberries, Yandex Go, Ozon және Satu.kz сияқты ірі холдингтердің өкілдері жүргізеді.

Сонымен қатар, биыл «Almaty Business–2021» оқыту бағдарламасы іске қосылды. Ол жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерін акселерациялауға бағытталған.

«Осы бағдарлама аясында жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлерге бизнестің заманауи құралдары үйретіледі. Биылғы жылы 1000 ШОБ субъектісі оқудан өтті. Негізінен, олар – азық-түлік және азық-түліктік емес ритейл, қозамдық тамақтану объектілері, қызмет көрсету саласы, жиһаз, тамақ және тігін өндірісінің өкілдері», – деді А.Қошмамбетов.

Палата директоры кәсіпкерлерді бәсекелестіктен, оқудан үрейленбеуге шақырды. Оның пікірінше, бизнестегі салауатты бәсекелестік – дамудың жақсы мүмкіндігі.

100-ден астам оқу орталығы бар

Айтуар Қошмамбетов Кәсіпкерлер палатасы 109 оқу орталығын ашуға ықпал еткенін, оның 23-і Алматы колледждерінің базасында, біреуі университет базасында, 73-і кәсіпорын базасында ұйымдастырылғанын атап өтті.

«Биыл 1031 жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам оқуға кірісті. 406 адам оқуын жалғастыруда. 625 адам оқуын аяқтады, 43 адам оқуын мерзімінен бұрын аяқтады, 188 адам жұмысқа орналастырылды», – деді А.Қошмамбетов.

Кәсіпкерлер палатасының директоры Алматыда Жол картасын жүзеге асыру аясында дуальды білім беру жүйесі қолданылатынын айтты. Қазірдің өзінде 43 колледж және 289 кәсіпорын қамтылған. Бұл үшін алғышарттар еңбек нарығының ағымдағы жағдайын талдайды әрі кәсіпорындардың білікті кадрларға қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезде кәсіпкерлер палатасы колледждер мен кәсіпорындардан жаңа 2021-2022 оқу жылына дуальды білім беру жүйесіне қатысу үшін өтінімдер қабылдауда. Әзірге 31 колледж бен 140-тан астам кәсіпорын өтініш білдірді.

Оқу орындарымен мұндай әлеуметтік әріптестік одан әрі кеңейетін болады, бұл жергілікті деңгейде кадрларды неғұрлым сапалы даярлау үшін қолайлы. Шын мәнінде, колледж кәсіпорындарға өндіріс процесіне бірден қосыла алатын өздеріндегі адамдарды жіберетін болады.

БРИФИНГ

«САЛАУАТТЫ ҰЛТ» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ

еліміздің денсаулық сақтау жүйесін реформалауға мүмкіндік береді



Кеше Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте сөз сөйледі.

Министр жұртшылық пен БАҚ-ты халықты КВИ-ға қарсы вакцинациялау және ревакцинациялау туралы хабардар етті. Сондай-ақ, «Салауатты ұлт» Ұлттық жобасының негізгі бағыттарын атап өтті. Министрліктің КВИ-ға қарсы вакциналарды сатып алу бойынша жүргізіп жатқан жұмысы, профилактикалық егулердің Ұлттық күнтізбесіне сәйкес халықты вакцинамен басқарылатын аурулардан жоспарлы имундау туралы айтып берді. Сондай-ақ, азаматтардың КВИ-ға қарсы ревакцинациясы бойынша тәсілдер туралы хабардар етті.

Ұлттық жоба жалпыұлттық басымдықтар аясындағы еліміздің стратегиялық құжаттарымен үндес. Жалпы ұлттық жоба медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыруды; эпидемиологиялық болжау мен ден қоюдың қазіргі заманғы жүйесін қалыптастыруды; отандық фармацевтика саласын дамытуды; саламатты өмір салтын ұстанатын халықтың үлесін ұлғайтуды және бұқаралық спортты дамытуды қамтитын 4 бағыттан тұрады.

Әр бағыт бойынша міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштері белгіленген. Ұлттық жобаны іске асыру медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға, жүкті әйелдердің денсаулығын сақтауға және балалардың денсаулығын нығайтуға, мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалтумен қамтуға, кадр әлеуетін нығайтуға ықпал ететін болады. Сондай-ақ, ұлттық жоба эпидемиологиялық қызметті жетілдіру, отандық фармацевтикалық өнеркәсіпті дамыту және салауатты өмір салтын ынталандыру жөніндегі шараларды іске асыруға бағытталған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Динара
МҰРАТ

Алматы – мемлекет бюджетінің 30%-ын, жалпы ішкі өнімнің 20%-ын беріп отырған «донор» қала. Шағын және орта бизнестің қайнап тұрған жері десек болады. Сондықтан жергілікті билік тарапынан бизнесті қолдаудың түрлі бағдарламалары жыл санап өсіп, өзінің жемісін беруде. Солардың бірі – «Даму» қорымен бірлесе жүзеге асатын «Almaty Business» бағдарламасы. Бағдарлама бойынша несиелік және қандай шарттарымен берілетініне толығырақ тоқталсақ.

«Даму» қорының басым бағдарламаларының бірі – шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін өңірлік қаржыландыру бағдарламалары. Бұл бағыттағы жобалардың ерекшелігі ретінде облыстардың, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының әкімдіктері мен Қордың бірлескен өзара іс-қимылын атауға болады. 2019 жылы өңірлік қаржыландыру бағдарламасын жаңғырту мақсатында Алматы қаласының жергілікті атқарушы органы мен Қор арасында «Almaty Business» атты жаңа қосалқы өнім құрылды.

Биыл қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша «Almaty Business» өңірлік бағдарламасына пандемияның салдарымен күресу үшін тиісті түзетулер енгізілді. Нәтижесінде Алматының Наурызбай, Алатау, Түркісіб және Жетісу аудандарының тұрғындары бизнесті жүргізу үшін жылдық 5% мөлшерлемесмен несиелені алады. Бұған дейін жоғарыда аталған қолдау шарасы алматылық кәсіпкерлер үшін жеңілдетілген несиелік 7% пайыздық мөлшерлемесмен берілген болатын.

«Алматы кәсіпкерлігінің басым бөлігі сауда және қызмет көрсету саласынан тұрады. Осыған байланысты Алматы әкімдігі мен «Даму» қоры сауда, сәулеу салондары, монша кешендері, хостелдер және басқа да салаларда жұмыс істейтін кәсіпкерлерді қолдау бағдарламасын ұсынды. Жүргізілген талдауға сәйкес шағын және орта бизнес субъектілері қала аудандары бойынша біркелкі бөлінбеген. Сан жағынан Бостандық, Алмали, Медеу аудандары көш бастап тұр, олардың үлесі 50%-дан асады. «Даму» компаниясымен келіссөздер арқылы әкімдік белсенді емес аудандардың тұрғындары үшін пайыздық мөлшерлемесін 7%-дан 5%-ға дейін төмендетті», – деп хабарлады Алматы әкімінің орынбасары Мақсат Қиқымов.

Бағдарламаның мәні – әкімдіктер мен

«Almaty Business»

өңірлік бағдарламасына маңызды түзетулер енгізілді



Қордың нақты өңір үшін экономиканың басым секторларында өз жобаларын іске асыратын кәсіпкерлерді қаржыландыруға бірлесіп қаражат бөлу.

Әкімдіктер өз өңірі үшін басым салаларды айқындайды. Осылайша екі көзден алынған ақша банктер арқылы әр өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын ескере отырып, ел өңірлеріндегі ШОБ субъектілеріне жеңілдікті шарттармен несиелік беруге бағытталады.

Бағдарламаға Алматы қаласында тіркелген және қызметін жүзеге асыратын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қатыса алады. Бір несиелік алушыға берілетін қарыздың ең жоғарғы сомасы 180 млн. теңгені құрайды. Номиналдық сыйақы мөлшерлемесі: белсенді емес аудандар үшін – 5%, белсенді аудандар үшін – 7%.

Қарыз өтеу мерзімі: инвестицияларға – 84 айдан аспайды, айналым қаражатын толықтыруға 36 айдан артық емес. Банктің уәкілетті органының шешімі негізінде негізгі борышты өтеу жеңілдік мерзімі 24 айдан аспауы тиіс.

Қарыз алған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері (ШОКС) жұмыс орындарының орташа жылдық саны және төленетін салықтардың (корпоративтік табыс салығы және жеке табыс салығы) көлемі бойынша көрсеткіштерді жобаны қаржы-

ландыру күнінен бастап 2 (екі) қаржы жылынан кейін сақтауға міндетті. Қаржыландыру күніне қарамастан келесі қаржы жылының басталуы есепті күн болып табылады.

ШОКС осы тармақта көрсетілген шарттарды бұзған жағдайда, ЕДБ өнімнің шарттарына сәйкес ШОКС қорының қаражатын жібере отырып, қарызды өз қаражатымен алмастыруға міндетті.

Өнімді іске асыруға қатысатын ШОКС Қордың кепілдігін алу үшін «Бизнестің жол картасы–2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына және өзге де бағдарламаларға қатысуға өтінім беруге құқылы.

«Almaty Business» өңірлік бағдарламасы шеңберінде тепе-теңдік негізінде 2019-2020 жылдарға арналған бюджет 8 млрд. теңге мөлшерінде бөлінді. 2020 жылы серіктес банктер жалпы несиелік сомасы 2,3 млрд. теңгеге 36 жобаға қолдау көрсетті.

Бизнесті қолдау бағдарламасы аясында 2021 жылы жоғарыда көрсетілген негізде 7,8 млрд. теңге қарастырылған (ауыспалы және револьверлік қаражат). Бүгінгі таңда 1 қазандағы жағдай бойынша серіктес банктер жалпы несиелік сомасы 5,6 млрд. теңгеге 77 жобаны құптап, оның ішінде белсенділігі төмен аудандарда 668 млн. теңге сомасына 11 жобаға қолдау көрсетті.



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Жаңару жолындағы жетістіктер

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасына байланысты жұмыстар қызу қолға алынып келеді. Соның бір көрінісі ретінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес «2021 жыл – Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылы» болып жарияланған болатын. Бұл ретте еліміздің қаламгерлер қауымы да өз үлестерін қосып отыр. Таяуда арнайы ұйымдастырылған балалар әдебиетінің «Ер Төстік» байқауы мәресіне жетті.



Бүгін әңгімемізге арқау болып отырған белгілі қаламгер, т а н ы м а л журналист Баян Болатханова осы б а й қ а у д а 3-орынға ие болды. Бір қызығы, елге белгілі қаламгерлеріміздің бәріне жуығы бұқаралық ақпарат құралдарында шыңдалып өскендер. Журналистиканың талай дүлдүлі қалам ұштаған «Лениншіл жастың» беделі ел ішінде орасан-тын.

Жыр алыбы Жамбыл бабамыз дүниеге келген топырақтан жаралған Баян Болатханованың қабілет-дарыны асқақ Алатаудың әсем табиғатынан дарыған болар. «Екейде елу ақын, сексен бақсы, жатады ертелі-кеш думандатып» демейтін бе еді. Несін айтасың, талант табиғаты тылсым ғой.

Қазақ өнерінің генезисіне үңілген мәдениеттанушы-журналистің жекелеген әлеуметтік-мәдени факторларды бейнелеген көркем очерктері мен деректі повестері арқылы қоғамның белсенді бөлігі болып табылатын оқырман көпшіліктің («Ленжас» таралымы 300 мыңнан асып жығылатын еді ғой ол кездері) көркемдік санасы мен эстетикалық талғамы тәрбиеленді дегеніміз дұрыс. Ұлттық рухтың сақшысы өнер атаулы болса, сол өнерді білгірлікпен насихаттау ұлттық сананы да қалыптастырмайды ма?

Мәдениеттанушы-журналист Баянның «Қазақтың Қаршығасы» атты повесі оның шығармаларының ішіндегі шоқтығы биік туындыларының қатарында. «Бір кезде домбыра сөйледі, қазақ тыңдады. Содан соң қазақ сөйледі, домбыра тыңдады. Қазақ тілін ұмытсақ, домбыра үнімен ұғысатын шығар-

мыз». Повестің идеялық түйіні, лейтмотиві міне, осы үш сөйлемге сыйған. Осы үш ауыз сөз Баянның өмірлік кредосы десе де болады.

Баян Болатханова республикамыздағы өнер адамдары туралы, театр өмірі, проблемалары жайында жазылған мақалалар сериясы үшін Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты атанды. Оның «Биіажар мен Бойтұмар» хикаяты жазушылардың Халықаралық «Дарабоз» байқауының бірінші жүлдесіне ие болды, ал «Сарыкөжек» әңгімесі осы байқаудың арнайы сыйлығын жеңіп алды. Ертегілері мен әңгімелері «Мемлекеттік тілді дамыту қорының» tattialma.kz сайтында, басқа да республикалық электрондық басылымдар мен газет-журнал беттерінде жарияланып тұрады. «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Қазақ творчестволық бірлестігінің үздік қаламгерге арналған М.Шолохов атындағы төсбелгісінің иегері болған қаламгердің басқа да мерейтойлық марапаттары бар.

Жазушы 2000 жылы Түркістанның 1500 жылдық мерейтойын өткізуге арналған сценарий жобасы үшін жарияланған мемлекеттік жабық байқаудың бас жүлдесін жеңіп алды. Бүкіл түркі әлемінің рухани астанасы Түркістан тойы Баян Болатханованың бастан-аяқ ақ өлең үлгісімен жазылған сценарийі бойынша қойылған біртұтас көркем спектакль дәрежесінде өтті.

Ұлттық болмыс, тәлтума мәдениет бүгінде Батыстан ағылған лай толқынға көміліп қала ма деген қауіп те жоқ емес. Діл дағдарысының, менталитет тайталасының өзі бүгінде ұлттық шекарадан асып, ғаламдық сипат алууда. Кереғар идеялар соқтығысынан шашыраған жасын-от жарты әлемді жалынға бөледі емес пе? Мәдениеттанушы-журналистің осыны ойлағанда, жүрегі сыздап, санасы сансырайды. Оның әділетсіздік атаулыға қарсы жалғыз қаруы бар – ол бала кезінен серік болған ескі дос-қаламы. Қаламның күші ақ найзаның сермеуін тойтарарына сенімді ол.

Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ.

Құқын өздері қорғамақ



Әсел
ДАҒЖАН

Алматыда Гендерлік теңдік мәселелерін зерттейтін Еуразиялық орталық ашылуы мүмкін. Себебі, Еуразиялық әйелдер форумы аясында қазақстандық делегация осындай бастама көтерді.

Санкт-Петербургте жүзге жуық елден бір жарым мыңға жуық өкіл қатысқан форум өтіп жатыр. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген әйелдер тең жалақыға қол жеткізу, жарлықтан кейін жұмыс орындарын сақтау, әйелдер мен балаларды тұрмыстық зорлық-зомбылықтан заңнамалық деңгейде қалай қорғау керек және өзге де өзекті мәселелерді қарастыруда.

Әйел-парламентшілер, бизнес көшбасшылары, саяси көшбасшылар жаһандық сын-

тегеуріндерді де талқылайды. Тұрақты дамуға қол жеткізу үшін халықаралық әйелдер ынтымақтастығын нығайту, экологиялық проблемалар және пандемиядан кейінгі жаңа жағдайдағы әйелдердің күн тәртібі де талқыға түсуде. Дүние жүзіндегі сарапшылар пандемия басталғаннан бері гендерлік зорлық-зомбылықтың жаһандық деңгейде өскенін айтып, дабыл қағуда. БҰҰ Халық қорының болжамына сәйкес, пандемия кезінде ай сайынғы шектеу шараларынан тұрмыстық зорлық-зомбылық статистикасына бес миллион жағдай қосылады деп отыр.

Қазақстан Алматыда Еуразиялық зерттеу орталығын құруды ұсынады. Оның алаңында гендерлік теңдік проблемалары зерделенбекші. Ол бүкіл әлемдегі әйелдерге әйелдер мен балалардың құқығын қорғау мәселелерін талқылауға мүмкіндік береді.

– Гендерлік бастамаларды қолдау саясатында жүйелілік жоқ. Біздің білімімізді, дағдыларымызды институционализациялау және Еуразиялық гендерлік ағарту орталығын құру уақыты келді. Қазақстанда құрылған БҰҰ Өңірлік хабары өте жақсы алаң бола алады. Осы хабар аясында үздік тәжірибелерді жинауға болады, – деді ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның төрайымы Ләззат Рамазанова.

БІЛІМ



ЖАСАРҒАН, ЖАЙҚАЛҒАН ҚАЗҰУ



Рая
ЕСКЕНДІР

90 жылға жуық тарихы бар, қазақ білімінің қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасы – ректоры Жансейіт Түймебаев бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен кездесті.

Алдыңмен университет басшысы әлемдік білім кеңістігіне қадам басқан оқу ордасының болашақтағы келбеті мен жаңарған бейнесі айшықталған жоспарлармен жан-жақты таныстырып шықты. Осыдан соң бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген университеттің дәрісханаларын аралап, жаңарған дәліздермен жүріп өтті. Осы оқу ордасының бір кездегі түлектері де жастық шақтарымен қайта қауышып, жаңарған кешеннің келбетін қызыға тамашалады. Еліміздегі байырғы оқу ордасына басшылыққа келгеніне небәрі 6 ай болғанымен, қыруар жұмыстың бетін қайтарып, құрылыстың қызып жатқаны туралы әңгімелеген ректор енді сол жұмыстардың қалай жүзеге асып отырғанын көзбен көру үшін қалашықты бетке алды.

Тау етегіндегі жастар қалашығында қайнаған қызу құрылыс жүріп жатыр. Мұндағы 14 жатақханаға ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілген. Болашақта заманауи, студенттердің жайлы өміріне толық жағдай жасалған жатақханалар бой көтеретін болады. Университеттің 15 мыңға жуық студентіне әлі де жатақханадан орын таппы. Бұл жұмыстардың барлығы қаржы мен уақытқа тәуелді. Сондықтан кампусты дамытудың 2025 жылға дейінгі жұмыс жоспары жасалып, дәл қазір Білім және ғылым министрлігінің Қаржы орталығымен бірлесе жатақханалар салуға инвесторлар тарту бойынша жұмыстар қызу қолға алынып жатыр. Күрделі жөндеу жұмысынан соң бұл жатақханалардың барлығы заманауи түрге еніп, студенттерге барлық жағдай жасалатын болады.

Сонымен, ақпарат құралдарының өкілдері жастар қалашығындағы күрделі жөндеу құрылысы жүріп жатқан №7 жатақханаға аялдады. Пайдалануға берілгеніне 30 жылға жуықтаған ғимараттың тым тозып кеткені көрініп-ақ тұр. Инженерлік желілері мен коммуникациясы әбден ескірген.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Қансейітұлы қалашықты таныстыра жүріп, оқу орнының даму бағдарламасы, кампусты жаңғырту жоспары мен атқарылып жатқан жұмыстар туралы нақты мысалдармен баяндады. БАҚ өкілдері Студенттер қалашығында жақында ғана ашылған теннис кортын аралап, оның жұмысымен де танысты. Университет басшысы қалашық төріндегі Елбасы саябағында мыңға жуық жеміс көшеттерінің отырғызылғанын айтып, оның себебін атап өтті.

– Қалашық өте әдемі жерге орналасқан. Жеміс ағаштары гүлдеген кезде әлі-ақ «ҚазҰУ сақурасын» тамашалауға келетін боласыздар, – деді.

Қонақтар қалашықтағы атына заты сай «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығына бас сұғып, оның да жұмысымен танысты. Медициналық диагностикалық орталықта әлемдік індетке қарсы қарқынды жұмыс қызу жүріп жатыр. Тегін екіп егетін орын, ПТР-тест орталығы бар.

Осыдан соң БАҚ өкілдері бір кезде Елбасы алғашқы қадасын қадаған, бүгінде

қаламыздағы ең үлкен кітапханалардың біріне айналған әл-Фараби бабамыздың атындағы кітап патшалығына келді. Университет басшысы Қазақ ұлттық университетінің қалыптасқан дәстүрі, жетістігі мен келешек жоспары туралы баяндады.

Еліміздегі байырғы оқу ордасында бүгінде 16 факультет, 68 кафедра, 8 ғылыми-зерттеу институты және 29 ғылыми орталық жұмыс істейді. Бүгінде университетте 26 мыңнан астам студент білім алады. Университет түлектеріне деген сұраныс та жоғары. Олардың 96 пайызы жұмыспен қамтылады.

Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, Ыстықкөлдегі спорттық-сауықтыру лагері мен 140-қа жуық ғылыми және оқу-зерттеу зертханасы іске қосылғаны туралы айта келе, білім сапасын жақсартып, ғылымды дамыту жолында жасалып жатқан жұмыстармен таныстырды. Сонымен қатар, университет оқытушылары мен профессорлар құрамының әлеуметтік жағдайы да назардан тыс қалмай, жасалып жатқан қолдау туралы сөз болды.

Университет басшысы өз сөзінде әлі де оқытушыларды материалдық жағынан ынталандыруға ерекше көңіл бөлінетінін айтты. Мәселен, биылдың өзінде жалақы екі рет көтеріліп отыр. Алғашында ақпан айында 20 пайызға өссе, содан кейін Білім және ғылым министрлігінің нұсқауына сәйкес, 1 қыркүйекте тағы да көтерілді. Қазір оқытушылардың ең төменгі жалақысы – 285 мың, аға оқытушылар – 312 мың, ал қауымдастырылған профессорға – 389 мың, профессорға 500 мың теңге көлемінде жалақы белгіленді.

Сонымен қатар, ҚазҰУ-да 650-ден астам білім беру бағдарламалары жүзеге асып жатыр. Бұған қоса, биыл ең өзекті әрі перспективалық бағыттар бойынша тағы да 100-ден астам жаңа оқу бағдарламасы іске қосылды. Олардың қатарында неврология, киберфизика, биологиялық инженерия, роботтық жүйелер, жаратылыстану мен инженерлік-техникалық бағыттағы табиғи және технологиялық тәуекелдер бар. Сондай-ақ, әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы мемлекеттік басқару және қоғамдық қауіпсіздік, цифрлық экономика, креативті индустриялар, медиа-коммуникация, ақылды қала экономикасы сияқты мамандықтардың бар екені туралы да баяндалды.

Бүгінгі таңда оқу ордасының инфрақұрылымын модернизациялау жұмысы өте қарқынды жүріп жатыр. Мәселен, биыл 7 оқу ғимаратына ағымдағы жөндеу жүргізілсе, 3 оқу ғимаратындағы күрделі жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын. Кампустың аумағын абаттандыру жұмыстары әлі де жалғасып жатыр.

Университет басшысы білім беру мен ғылымның озық инфрақұрылымын заман талабына сай дамытуда әлі де ауқымды жұмыстар атқарылатынын, әлемдік үздік университеттер қатарындағы оқу ордасының мақсаты сапалы білімге қол жеткізу екенін айтты. Университеттегі қарқынды жұмыстар үшін бюджетке түсетін жүктемені азайту мақсатында шетелдік инвестицияларды тартудың түрлі тетіктерін қарастырып жатқанын жеткізді.

Қазақ білімі қара шаңырағының екінші тынысы ашылып жатқандай. Бір кездері Ө.Жолдасбеков түрен салған қалашықтағы құрылыс тағы да жандана түсті.



ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ

Алғашқы көмек адам өмірін аман алып қалады



Айнұр
СЕНБАЕВА

Алматылықтарға шұғыл жағдайда көмек көрсетуді қайда үйрететіні айтылды.

Кез келген төтенше жағдай кезінде адамға алғашқы көмек көрсетудің маңызы зор. Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының басшысы Болат Тайбеков Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте шұғыл көмек көрсетудің маңызы жайында айтып берді.

Б.Тайбековтің айтуынша, уақытты алғашқы көмек көрсету зардап шегушінің өмірі мен денсаулығын сақтауда шешуші рөл атқаруы мүмкін. Сондықтан адамға шұғыл көмек керек кезде дәріменсіз күйде қалмай, қиын жағдайда сауатты әрекет жасай білген жөн.

«Кенеттен қайтыс болу жағдайларының көпшілігі, әдетте медициналық мекемелерден тыс жерлерде болады. Статистика бойынша, оқиға болған жерде шұғыл медициналық көмек көрсету әртүрлі жарақаттардың, тіпті өлім жағдайларының 70%-ының алдын алады. Алғашқы минуттар зардап шеккен адам үшін өте қауіпті болуы мүмкін. Сондықтан жедел жәрдем келгенге дейін зардап шегушінің өмірін сақтап қалу үшін қолдан келгеннің бәрін жасау керек. Алғашқы көмек көрсете алмаған жағдайда, кез келген азамат жедел медициналық көмекті, басқа да құтқару қызметтерін шақыруы тиіс. Норматив бойынша жедел көмек 10–30 минут аралығында келеді», — деді шұғыл медицина орталығының басшысы.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, әлемде кенеттен болатын өлімнің жартысынан көбі жүректің ишемиялық ауруы мен инсульттан болады. Егер зардап шеккендерге алғашқы көмек уақытылы немесе дұрыс көрсетілмесе, онда алғашқы

минуттарда ауыр зардап шеккендердің 20–25%-ы, ал бір сағат ішінде тағы 30%-ы қайтыс болады. Егер дер кезінде көмек көрсетілмесе, озық құрылғылармен жабдықталған ең мықты деген медициналық ұйымның өзі науқасқа кейін көмектесе алмауы мүмкін.

Еліміздегі заңнамаға сәйкес алғашқы медициналық көмекті зардап шегушінің қасындағы кез келген адам көрсете алады. Азаматтардың кейбір санаттары үшін алғашқы көмек — қызметтік міндет. Олар — полицейлер, әскери қызметшілер, өрт сөндірушілер мен дәрігерлер.

Болат Тайбеков алматылықтарды 2017 жылдан бері табысты жұмыс істеп келе жатқан Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы базасында алғашқы көмек көрсету бойынша оқуға шақырды. Бұл орталық шұғыл көмек көрсетудің халықаралық стандарттары саласында медициналық және медициналық емес қызметкерлерді оқыту мен біліктілігін арттырудың озық әдістерін пайдаланатын жоғары технологиялық симуляциялық мекеме. Орталық шұғыл көмек көрсетуге қажетті жаттығуға арналған заманға сай құралдармен жабдықталған.

Алғашқы көмекті сапалы және дұрыс көрсету үшін келесі әрекеттер тізбегін сақтау маңызды:

1. Оқиға орнын бағалау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
2. Зардап шегушінің жағдайын тез және дұрыс бағалау.
3. Шұғыл қызметтерді (103, 112) оқиға орнына шақыру және бір мезгілде алғашқы көмек көрсету.
4. Құтқарушылар келгенге дейін зардап шегушінің жағдайын бақылау.
5. Егер шұғыл қызметтерді шақыру мүмкін болмаса, зардап шегушіні тасымалдауға дайындап, емдеу мекемесіне өз бетінше жеткізу қажет.

Зардап шеккен адамды ес-түссіз, бірақ қалыпты тыныс алып жатса, шұғыл қызметтерді шақырғаннан кейін оны бір қырынан жатқызу керек. Бұл әрекет аспирацияға байланысты тыныс алу жолдарына кері әсер етпейді. Мойын омыртқасының және аяқ-қолдардың сынуына күдіктенген кезде зардап шегуші бүйір қалыпқа ауыстырылмайды.

МӘМС



Ақтолқын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Бүгінгі таңда Алматы қаласының 435 мыңға жуық тұрғыны сақтандырылмаған. Олардың сақтандыру жүйесінен нәтиже тысқары қалғандығына Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Алматы қалалық филиалы жауап берді.

Сарапшылар сақтандырылмаған тұрғындардың портретін жасаған. Оның: 21%-ы — жалдамалы жұмыскерлер, 21,4%-ы — азаматтық-құқықтық келісімшарт арқылы еңбек ететіндер, 4,2%-ы — жеке кәсіпкерлер, 25,4%-ы — бірыңғай жиынтық төлем төлеушілер, 2,8%-ы — өз бетінше төлеушілер, 32,3%-ы — жүйе енгізілгені бері бірде-бір рет төлем жасамағандар.

«Қор медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігін жақсарту, азаматтарды МӘМС жүйесімен қамту деңгейін арттыру бағытында тұрақты жұмыс жүргізеді. Бүгінде 1,6 млн. алматылық сақтандыру жүйесімен қамтылған. Олар қажет болған жағдайда кез келген уақытта медициналық сақтандыру пакетіндегі қызметтерді ешбір шектеусіз пайдалана алады. Бірақ осы жүйеге еңбей қалған, белгісіз себептермен сақтандырылмаған 435 мың адам сақтандыру пакетіндегі ауқымды қызметтерді пайдалану мүмкіндігінен қағылып отыр», — дейді ӘМСҚ Алматы филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев.

Спикердің айтуынша, жалдамалы жұмыскерлердің көпшілігі сақтандырылмаған. Сол себептен, бұл санаттағы азаматтар Egov.kz электронды үкімет порталына кіріп, статусын тексеріп отырғаны дұрыс.

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН



Айнұр
СЕНБАЕВА

Бүгінде әлем ғалымдары пандемияның салдары жайлы жиі болжамдар жасауда. Биология ғылымының докторы, вирусолог Анча Баранова COVID-19 пандемиясының ең ауыр салдары туралы өз ойын білдірді.

«Коронавирустың эволюция тұрғысынан ең ауыр салдары — адамдар селекциясы. Ең сезімтал генотиптер аз көбейеді», — дейді маман. Ғалымның айтуынша,

Сақтандырылғансыз ба?



«Порталдағы «МӘМС жүйесіне төленген төлемдер мен медициналық қызметтерді пайдалану туралы мәлімет беру» онлайн-қызметі арқылы жұмыс берушінің ай сайын аударып отырған аударымдары жайлы ақпарат алуға болады. «Мысалы, Жәнібек есімді азамат белгілі бір кәсіпорында 2020 жылдан бері еңбек етеді. Жұмыс беруші ай сайын оның айлығынан салықтармен қатар МӘМС жарнасын да ұстап отырады. Сондықтан ол «сақтандырылған» болуы тиіс болатын. Бірақ белгілі бір себептерге байланысты есепші 2021 жылы 1-2 айдың ақшасын аудармаған немесе қате төлегендіктен төлем қайтып келген. Салдарынан Жәнібек сақтандырылмаған болып шығады. Сондықтан статусы уақытылы тексеріп отыру қажет. Мұндай жағдайда жұмыскер жұмыс берушіден береушіге өтеуді талап етуге құқылы», — дейді Медициналық сақтандыру қорының өкілі.

Азаматтық-құқықтық келісім-

шарт арқылы еңбек ететіндер МӘМС жүйесіндегі статусын өздері бақылап отыруға тиіс. Себебі, салық агенті олардан қызмет көрсетілген айлар үшін ғана жарна ұстайды, егер сіз 2021 жылдың ақпаны мен шілдесі аралығында АҚК бойынша еңбек етсеңіз. Осы уақытта салық агенті жалақыңыздан 2% ұстап, қорға аударып отырады. Жұмыс тоқтағаннан кейін жарнаңыз өз бетіңізше төлеуіңіз керек.

Көптеген жеке кәсіпкерлер егер ЖК нысаны табыс таппаса МӘМС жарнасын аударудың қажеті жоқ деп есептейді. Бұл — қатер пікір. Жеке кәсіпкер белгілі бір айларда табыс таппаған болса, міндетті зейнет жарнасы мен әлеуметтік төлемдерден босатылады. Бірақ МӘМС жарнасы міндетті түрде төленуге тиіс (1,4 ең төменгі жалақының (ЕТЖ) 5% — 2975 теңге). Егер жеке кәсіпкерлік нысаны ешқандай табыс таппайтын болса ЖК жұмысын ресми түрде тоқтату қажет, сонда кәсіпкер жарна төлеу міндетінен босатылады.

Пандемияның салдары ауыр

екпе салдырмаған, жылына екі рет коронавируспен ауырған әйелдің екпе салдырып, вирускі төзімді келетін әйелге қарағанда бала туу қабілеті төмендейді.

Баранова мұндай жағдайлардың бұрындыры да болғанын айтады. «Мысалы, еуропалықтардың көбінде лямбда интерферондарының бірін шығаратын гендер жоқ. Ал африкалықтарда бар. Сондай белсенді интерфероны болған адамдар цитокин дауылына тап болып, қайтыс болатын. Ал ондай ген жоқ адамдар аурудан айыға білді. Бірнеше ұрпақ ішінде гендердің жиілігі өзгерді, интерфероныз популяция жиі пайда бола бастады», — дейді вирусолог.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Сырқаттардың көбі — вакцина салдырмағандар

РЕСЕЙ жерінде «үнді» штамы өршіп тұр. Мұнда алғаш рет тәуліктік өсім 30 мыңнан асып кеткен. Кейінгі тәулікте коронавирустан 986 адам көз жұмған. Бұл пандемия басталғалы тіркелген ең үлкен көрсеткіш екен. Мамандар жағдайдың бұлайша ушығуын вакциналаудың төмендігімен түсіндіріп отыр.

Көрініс ел әлем бойынша ковид жұқтырған науқастар саны жағынан АҚШ, Үндістан, Бразилия және Ұлыбританиядан кейінгі 5-ші орында тұр.

Эпидемиологиялық тұрғыдан, жергілікті билік түрлі қадамдарға баруға мәжбүр. Мәселен, Екатеринбургте 1 қарашадан бастап вакцина салдырмағандар жұмыстан босатылуы мүмкін.

ЖАҢА ЗЕЛАНДИЯ елінде бір күнде 71 адам КВИ жұқтырған. Бұл басқа мемлекеттер үшін төмен көрсеткіш болуы мүмкін. Ал Жаңа Зеландия мамандары осының өзіне қатты алаңдаулы. Өйткені, бұған дейін елде бірнеше ай бойы коронавирус тіркелмеген. 71 адамның бәрі — Окленд тұрғындары.

Жаңа Зеландияда 5 млн.-ға жуық халықтың жартысынан астамы екпенің екі дозасын да салдырған. Бұл көрсеткіш 90%-ға жетпейінше, шектеу шаралары күшінде болмақ.

ФРАНЦИЯ мемлекетінің социалист сенаторлары ковидке қарсы вакциналауды



міндетті етуді көздеп отыр. Тиісті құжат парламенттің жоғарғы палатасында қаралмақ. Бастамашыл топ кәсілет жасақ толған әр азаматтың екпелер күнтізбесіндегі тізімге COVID-19-ға қарсы вакцинаны қосу керек дейді. Ғалымдардың айтуынша, ұжымдық

иммунитеттің қалыптасуы үшін халықтың 90%-ы егуі керек.

«Міндетті вакциналау — Франция халқы үшін жаңашылдық емес деп ойлаймын. Өткен ғасырда өршіген иешек, дизентерия, туберкулез, сіреспе, полиомиелит сияқты

қатерлі індеттерді тек вакцина арқылы ғана тоқтата алдық. Бүгінде екпе егу шарасы тиімсіз деп ешкім де айта алмайды», — дейді жергілікті депутат Бернар Жомье.

УКРАИНА ковидтің «төртінші толқынымен» күресіп жатыр. Індет жұқтырғандар саны соңғы аптада тәулігіне 10 мыңнан асқан, оның 1000-ға жуығы бала. Бір күнде бұл кеселден 320 адам қайтыс болған. Жедел түрде ауруханаға жатқызылғандардың көбісі екпе алмағандар болып шықты.

Елде 7 млн. адам екпе алған. Бұл — халықтың 15%-ы ғана. Өткен демалыста Украинада тек бір тәулікте вакцина салдырғандардың саны алғаш рет 66 мыңға жеткен. Иә, елдегі эпидемиология байланысты жергілікті билік вакциналау науқанын шындап қолға алған сыңайлы.

- **АҚШ-та** коронавирус қыс мезгілінде өршуі мүмкін деп отыр сарапшылар.
- **МАЛАЙЗИЯДА** халықтың 90%-ы вакцина салдырған.
- **ҚЫТАЙДА** ковидтің шығу себебін білу үшін мыңдаған адам үлгісі зерттелмек.
- **ӨЗБЕКСТАНДА** 90 мыңнан астам бала вакцина салдырған.
- **ГЕРМАНИЯДА** екпеден бас тартқандар ПЦР-тестті өз ақшасына тапсырады.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



Мемориалды тактаның салтанатты ашылуынан кейін Камералық залда Н.Тілендиев атындағы мемориалды музейінің экспонаттар көрмесі қойылды.

Сонымен қатар, филармонияның Үлкен залында Н.Тілендиев атындағы академиялық фольклорлық-этнографиялық «Отырар сазы» оркестрі және Б.Байқадамов атындағы Мемлекеттік хор капелласы мерейтойлық концерттік бағдарламасын ұсынды. Аталған концертте жеке орындаушылар: Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Мейрамбек Бесбаев, Дина Хамзина, Нұржан Жанпейісов, Гүлзия Стамбек, ҚР мәдениет қайраткері Есенгелді Ырза, халықаралық конкурстардың лауреаттары Әміре,

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕСІ

Алматыда ұлы композиторға
ескерткіш-тақта ашылды



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Композитордың атына ашылған кіші залдың лентасын Қазақ телевизиясының ардагері Оразалы Сәтiev пен Нұрғиса Тілендиевтің қызы, «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық халық аспаптары оркестрінің бас дирижері Дінзұхра Тілендиева кесті. Шараның алғы сөзін ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы Ақан Жылқышыбайұлы бастап, ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың арнайы жолданған ізгі тілегін жеткізді.

— 85 жылдық тарихы бар Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясың камералық залына ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Халық Қарманы Нұрғиса Атабайұлы Тілендиевтің есімін беру, қазақ музыка өнеріне өшпес із қалдырған өнер иесінің есімін ұлықтап, тағзым ету қазақ мәдениетінің мерейлі мерекесі деп білемін, — деп жазылған хатта.

Сондай-ақ, еске алу кешіне Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Айдарұлы қатысып, ескерткіш-тақтаның ашылуына қала басшылығының құттықтау тілегін жеткізді:

— Бұл жерге келудегі негізгі себеп — қала басшылығы атынан Нұрғиса Тілендиев ағамыздың рухына тағзым етіп, ыстық ықыласымызды білдіру. Ағамыз қазақ даласын сахнаға айналдырған, әрбір қазақтың, адамзаттың жүрегінен орын тапқан ұлы, мәңгіліктердің бірі. Құнды дүниелерін бүгінгі ұрпақтың баалап отырғанының куәсі болуымыз Дариға Тілендиева ағамыздың арқасы деп білемін. Сондай-ақ, қала басшылығы атынан өз алғысымды білдіремін, — деді Ғани Айдарұлы.



Фархат Кубиев, Тайыр Тәжіғұлов, Данияр Байжұманов, Әсем Әубәкірова, Эльмира Қашқымбаева өнер көрсетті.

— Бүгін — Қазақстан үшін өнер күні. Бүгін Нұрғиса Тілендиевтің туыстары үшін де, өнер сүйер қауым үшін, барша қазақстандық үшін үлкен қуаныш орын алып отыр. Мен кезінде Жоғары министрліктің мүшесі болып жүрген кезде Нұрғисамен талай бас қосып, кездескен болатынмын. Сонда ол: «Мен социалистік дәуірде советтік одаққа еңбек сіңірдім. Шығыс Кореядан бастап батысқа дейін қазақ өнерін паш еттім. Ал енді қазір капиталистік уақыт келді. Қазақ егемендігін алып жатыр. Бұл — үлкен қуаныш», — деп айтатын еді. Айтайын дегенім, бүгін қазақ үшін еңбек еткен ұлы тұлғаның атаулы күні. Бәріміз қуаныштымыз, — деді Оразалы Сәтiev.

Батық МӘЖИТҰЛЫ, «Мұқағали» журналының бас редакторы:

— Бір нәрсеге риза болдым. 1-2 қазанда М.Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойы өтті. Нарынқолда ескерткіші ашылды. Бүгін Нұрғиса ағамыздың ескерткіш-тақтасы ашылды. Екеуі егіз қозыдай қазақтың екі ұлы тұлғасы еді. Бір-бірін толықтырып жататын. Бірі — поэзия әлемінде, бірі — музыка әлемінде. Бұл екі тұлғаның түйісуі таланттанудың үлкен дәлелі болып тұр, — деді.

«КИЕЛІ ЖОЛДЫҢ ИЕСІ – РАЙЫМБЕК»



Алматы қаласы Мәдениет басқармасының бастауымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Киелі жолдың иесі – Райымбек...» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Аталмыш іс-шараға қоғам қайраткерлері, жазушылар одағының мүшелері, қазақ өнерінің майталмандары қатысты.

«Қазақ елінің азаттығы жолында күресіп, көзі тірісінде қол бастаған батыр, әулие атанған бағамыздың ерлігі мәңгілік ел есінде сақталатыны сөзсіз. Баһадүр бағамыз жайлы аңыз әңгімелерді тізбектеп айтсақ, бүгін бітпеспіз. Дегенмен, ел құлағына әлі жете қоймаған оқиғаларын бірі білсе, енді бірі біле қоймас. Осы оқылықтардың орнын толтыру мақсатында ерекше кітапты 1000 данамен жарыққа шығардық. Кітапқа демеушілік білдірген



жандарға, жазушыларымызға үлкен алғысымды білдіремін. Бұл кітап — ұлтымыздың өзін-өзі танып-біліп бағалауының игі бастамасы болмақ», — дейді «Алматы қаласы музейлер бірлестігінің» КМҚК директоры Әнуар Үмбеталиев.

Күреске толы өмірінде 77 жерден ауыр дене жарақатын алып, атақты Ойрантөбе шайқасында қалмақтың 17 батырын ойсырата жеңген баһадүрдің көріпкелдігі, әулиелігі болған. «Есімі ұран болып, су жол берген сайыпқыран Райымбек батыр туралы 1999 жылы естіп, кейін ол жайында танымым кеңейді. Сол кездері қатты күйзеліске ұшырап, өзімді жайсыз сезініп, сергелдеңге түскен едім. Бір танысымның нұсқауымен батырдың басына барып Құран бағыштағанымда, түсіме түйе жетектеген әулие еніп, болашағымның жарқын болатынын ескертті. Кейіннен 22 жылдан кейін тағы да сол атам түсіме еніп, батырдың басына барған едім. Осылайша Мәдениет басқармасымен бірлесіп, 3 жыл жарыққа шыға қоймаған кітапты 2 айдың ішінде басып шығардық», — дейді Айнура Аралбайқызы.

Кітап Райымбек Түкеұлы туралы зерттеулер, эсселер мен мақалалар, ел аузында жүрген аңыздар һәм жыр-дастандар, белгілі ақындардың арнау өлеңдері, баһадүр бабаға қатысты фотосуреттер топтастырылған үш бөлімнен тұрады. ASPAN баспасынан шығарылған танымдық басылым арнаулы және жоғары оқу орындарының студенттеріне, мектеп оқушылары мен қалың оқырман қауымға жол тартпақ.

«Райымбектің көркем бейнесі арқылы халқымыздың рулық-санадан ұлттық санаға өткен шешуші кезеңдері суреттелген. Еліміздің ең ірі мегаполисі, ғылым мен мәдениет ошағы Алматы қаласында батырдың кесенесі бой түзеп, халқымыздың жасампаз рухын асқақтатқан еді. Енді осы кітап арқылы өткенімізді түгендеп, келешегімізді кемелдейтінімізге сенемін», — дейді Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары Бақыт Беделхан.

Батыр бағамыздың қайраткерлігіне арналған мұра жас ұрпақтың сана-сезімін арттырып, ұлттық рухты асқақтатары анық.

Ақтолқын ТҮРЛЫҒАЗЫ.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«Таңсұлу» және «Екеуміз...»



М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театры көрермендеріне қоюшы-режиссер Н.Дубстың «Екеуміз...» драмасы мен философия ғылымының докторы Ғарифолла Есімнің прозалық шығармасы негізінде әзірленген «Таңсұлу» драмасын ұсынады.

Мәскеулік драматург Олжас Жанаидаровтың «Кафедегі екеу» пьесасы желісінде қойылатын «Екеуміз...» атты жаңа қойылымы жастар арасындағы желік сезім, стереотиптік көзқарастар, әлеуметтік мәселелер және отбасылық құндылықтар жайында. Жеке адамның өзін-өзі тани білуі, өзгенің жанын, жақынының жанын сезіне алуы, тыңдай-көре білуінің, түсінісу мен жарасымның, кешірімнің қаншалықты маңыздылығын ұғындыратын сәттерге куә етеді. Ал «Таңсұлу» ел басына күн туған сәтте тұтқынға түскен арудың қанша қорлық көрсе де, Отанын саппай, елінің амандығы үшін тіпті өзін құрбан еткен ерлігін баяндайды. Оқиға желісі он жастағы Таңсұлудың өзінің қасірет шеккен тағдырын түсінде көріп, шошынып оянуынан бастау алады.

Күні мен уақыты: 16-17 қазан.

Өтетін орны: М.Әуезов атындағы ұлттық академиялық драма театры.

Премьера



Ақын, жазушы және әдебиеттанушы Олжас Сүлейменовтің 85 жылдығына орай Б.Омаров атындағы «Жас сахна» театры «Саз кітабына» негізделген «Шамхат» спектаклінің премьерасын ұсынады.

«Шамхат» — ата-бабаларымыздың қиын тарихын поэтикалық түрде баяндаған автордың дарынына деген құрмет. Спектакль қазақ әндерінің жарқын әрі терең мотивтерімен сүйемелденеді. Қойылым Болгарияда өткен «Театр-Фест-2021» халықаралық театр фестивалінің «Ұлттық театрдың үздік қойылымы» номинациясы бойынша бірінші орын және үздік сценария үшін үшінші орын алды.

Күні мен уақыты: 17 қазан, басталуы сағат 18.30.

Өтетін орны: «Жас сахна» театры. (Абай даңғылы, 117-үй).

Корей мәдениетінің фестивалі



Корей мәдениетінің фестивалі өтеді. Бұл туралы Корея Республикасы Елшілігі Корей мәдени орталығының баспасөз қызметі ақпарат таратты.

Іс-шара Қазақстан Республикасы

Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналмақ. «Фестивальде корей халқының дәстүрі мен мәдениетіне қызығатын алматылықтарға және қала қонақтарына түрлі концерттік бағдарламалар ұсынылады», — дейді Корей мәдени орталығының директоры Ли Херан.

Оның айтуынша, дәл осындай іс-шара өткен аптада Нұр-Сұлтан қаласында да ұйымдастырылған. Алматы қаласында кеше корей музыкалық комедия театры корей дәстүрлі өнерінің концертін өткізді. Енді «ICU» және «N. CUS» сияқты K-POP топтары концерт қояды.

Күні мен уақыты: бүгін, яғни 16 қазан.

Өтетін орны: Республика сарайы.

ТУРИЗМ

АЛМАТЫ – ТУРИСТЕР ҚАЛАСЫ

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Бүгінде экономиканы дамытудың маңызды салаларының бірі – туризм. Сол себептен, соңғы жылдары елімізде туристік әлеуетті арттыруға баса мән беріліп келеді. Еліміздің біраз қалалары күн өткен сайын құлпырып, туристік ошаққа айналып келе жатқаны мәлім. Оның ішінде мың жылдық тарихы бар Алматы шаһарының жасампаз болмысы көптің назарын жаулап алары анық.




Қазіргі таңда Алматы қаласында **180-нен аса тарихи және мәдени ескерткіштер** бар. **99** – тарихи және сәулет, **52** – монументальды, **28** – өнер және археологиялық ескерткіш болып табылады. Оның ішінде **30** ескерткіш республикалық маңызға ие.

Шаһарға сырттан келген қонақтардың саны жыл сайын артып келеді. Дүниежүзілік туризм ұйымының мәліметінше, 2021 жылы туристер саны алдыңғы жылмен салыстырғанда **22–55%-ға** өскен. Ал Алматы қаласы туризм басқармасының айтуынша, ағымдағы жылы

луім емес. Дегенмен, мұнда келген сайын қаланың жылдан-жылға көріктеніп, абаттанып бара жатқанын байқаймыз. Қашан да табиғаты, ауа райы ерекше әсер қалдырады. Алматының Шымбұлағына шыққандағы сезімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Шаһардың тауларының ауасы ерекше әсер қалдырады. Шаһардың мың жылдық тарихын айшықтайтын Алматы тарихының мұражайы қатты ұнады. Мұражайда үш тілде ақпарат таратуы, дыбыстық сүйемелі бар голограммалық көріністердің болуы, сирек жәдігерлердің көптеп қойылуы тамаша сезім сыйлайды. Бір шетінен бұл жер маған Берлиндегі Холокост мұражайына өте ұқсас болып көрінді. Алматы қаласының тарихи көрінісін сақтай отырып, биік ғимараттармен толысқан бейнесі кез келген қонақты өзіне тартып тұрады.

Яссы САДЖАН,
Италиядан келген қонақ:

– Мен Алматыға алғаш рет 2011 жылы жұмыс бабымен келдім. Ол кезде мені дамушы нарықтар туралы инвесторлар үшін ақпарат жинаумен айналысатын компаниядан екі айға іссапарға жіберген болатын. Сол кезде мен Рим қаласында тұрып жаттым. Қазақстанды көру маған қызық болатын. Сондықтан Алматыға іссапарға бару жолдамасын естігенде қуана келістім. Мен бұл қала туралы ештеңе білмедім. Тілін де түсінбеген болатынмын. Алайда, қала тұрғындарының қонақжайлылығы мен мейірімділігінің арқасында қалаға 1-2 айдың ішінде үйренісіп алдым. Қазір қазақ тілін жақсы түсінемін. Сөйлеген кезде ғана сәл қиналып қалатыным бар. Сол уақыттан бері 10 жылдай уақыт өтті. Алматыға қазір жиі қыдырып келіп тұрамын. Маған қаланың табиғи көрінісі қатты ұнайды. Таулары, өзендері, көлдері ерекше әдемі. Әр келген сапарымда Үлкен Алматы өзені, Медеу, Шымбұлақты араламай кетпейтін әдет пайда болыпты. Мен пәкістандық болғаныммен, Италида туып-өскенмін. Сондықтан Рим менің бірінші отаным болса, Алматыны екіншісіне жатқызар едім. Алматы – мен үшін ерекше ыстық қала.



Алматы қаласына туристердің (сыртқы және ішкі) санын **25%** көбейту жоспарланған. Бұл – **921 мың адамды** құрайды. Алматы қаласының Туризм басқармасы 2024 жылға қарай туристер санын **1,2 млн.-ға** жеткізуді көздеп отыр. Эпидемиологиялық ахуалы жақсаратын болса, жыл сайынғы өсім **6–7%** болмақ. Демек, Алматы көп ұзамай туристер ағылатын мекенге айналады деген сөз. Осы тұрғыда шет елден келген қонақтардың алып шаһарды қалай бағалайтынын, қала несімен ұнағанын біліп, ой-пікір алмасқан болатынбыз.

Виктор СТЕФАНЕНКО,
Ресейден келген қонақ:

– Алматыға Мәскеуден 3 адам болып қыдырып келдік. Қала бізге өте ұнады. Бұл сапар маған тамаша әсер қалдырды. Бұл менің Алматыға алғаш кел-

ТЕЛЕСЕРИАЛ

ҒҰМЫРНАМАЛЫҚ ХИКАЯ


Қазан айының ортасынан бастап Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романының желісі бойынша түсірілген Тұрар Рысқұловтың ғұмырнамалық хикаясы үсынылмақ.



Хикая Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің мұрындық болуымен, «Алматы» телеарнасының тапсырысы бойынша Шерхан Мұртазаның трилогиясына негізделіп түсірілген. Телесериалдың бас продюсері Илияс Ысқақовтың сөзіне сенсек, хикаядан Шерхан Мұртазаның да бейнесін көруге болды. «Шерхан Мұртаза рөлі де фильмде қамтылды. 1970 жылдың аяғы мен 1980 жылдардың басында Шерағана «Рысқұловщина» деп соқтыққан. Шерағанның жазушы, сыншылармен шиеленісті сәттері де осы фильмде қамтылды. «Қызыл жебе» Кеңес үкіметінің идеологиясы еді ғой дегендер де болды. Біздің ойымызша, бұл жерде «Қызыл жебе» деп отырғанымыз – Тұрардың өзі. Шераған жылқы арқылы Тұрардың образын берген, яғни ол Қызыл жебеді ағып өтті. Тұрар түрмеде жатқанда оған ұдайы Қызыл жебенің елесі келеді. Ал оққа байланған сәтте Қызыл жебе одан кетеді. Елес болып, тастап кеткенде Тұрар өзінің өлім сағаты соққанын түсінеді. Демек, Қызыл жебе оның рухы, ұстанымы. Бұл телехикаяны толықметражды кино түсіргендей етіп түсірдік. Оның локациясы, костюмі, 1916 жылдардағы реконструкциясы бар. Ғимарат, түрме, паровоз, бәрі бұрынғыша. Түркісбте салынған жол да бейнеленген, оның бәрі үлкен жұмыс», – дейді телесериалдың бас продюсері Илияс Ысқақов.

БӘРЕКЕЛДІ!

БІЗДІҢ «SHEKER» – ЖҮЛДЕГЕР!



Қазақстандық «SHEKER» сериалы «best Short-form/Web» номинациясын жеңіп алды.

Аталмыш премьерә Азия кино нарығындағы басты жоба саналады.

Сонымен қатар, «SHEKER» сериалы – «Азиялық Канн» жобасының жеңімпазы атанды.

Биыл конкурсқа қатысуға 163 адам өтініш берген. Жалпы, байқауға 16 елден түрлі жобалар қабылданған. Фестивальге қатысу үшін «SHEKER» қысқаметражды сериалы «Best Short Form

Series» номинация бойынша 60 үміткерден іріктеліп шықты. Қазақстандық жоба жүлде үшін Франция, Ресей, Испания, Аргентина және АҚШ секілді елдерден келген жобалармен қатар бақ сынаған. Оның ішінде және әлемдік ағындық сервис өкілі Netflix бар. «SHEKER» хикаясын жасаған Salem веб-сериясы – Канндағы фестивальде Қазақстан атынан шығатын бірінші және жалғыз веб-жоба.

Дайындаған
А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

Шеберлер жәрмеңкесі



Алматыда «Қол-өнер шеберлерінің» жәрмеңкесі өтеді. Ис-шараға Қазақ-стан, Қырғыз-стан, Тәжік-стан, Өзбек-стан, Түркімен-стан және Ресей елдерінен келген қолөнер шеберлерінің зергерлік бұйымдары, киізден және жібек матадан жасалған бұйымдар мен киімдер, сазды аспаптар, шығыс миниатюрасы, тоқыма, теріден жасалған заттар, сандықтар мен кілемдер ұсынылады. Екі күн бойы көрме-жәрмеңкемен қатар қыш құю өнерінен шеберлік сыныптары өтеді. Жәрмеңкеге келушілер шебер-класты тамашалап қана қоймай, өздері де шеберліктерін ортаға салуға мүмкіндіктері бар, онда қатысушылар өз қолдарымен қыш құмыралар жасап үйренуге мүмкіншіліктері бар. Сонымен қатар, сәндік-қолданбалы өнер шеберлерінен лотереялық ұтыстар ойнатылады.

Күні мен уақыты: 16-17 қазан.

Өтетін орны: Жібек жолы даңғылы (Желтоқсан мен Наурызбай көшелерінің қиылысы).

Сандық көшпенділер



Ең жарқын және креативті қатысушы конкурстың бас жүлдесіне ие болады. Жеңімпазға өз жұмыстарын оқытуға, жасауға немесе ілгерілетуге бір миллион теңге беріледі. Ұйымдастырушылардың айтуынша, цифрлық көшпенділер ХХІ ғасырда цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы мен ақпараттық қоғамның қалыптасуына байланысты жағдайда ежелгі көшпенділердің өмір салтын жаңа деңгейде жандандыруда.

Күні мен уақыты: 14 қазан мен 10 ақпан аралығы.

Өтетін орны: іріктеу кезеңі жоба сайтында онлайн-форматта өтеді (globalnomadsawards.com.)

Ирланд билері



Алматылықтар ырғақты ирланд әуендерінің көмегімен виртуалды саяхатқа аттана алады.

Dair Ard бірегей алматылық тобы – бұл ирландық, шотландтық және бретондық фолк ойнайтын кәсіби ұжым. Онда сіз шынайы халықтық аспаптарда

Селтик халықтық композицияларының ерекше аранжировкасын естисіз. Тікелей Алматыдан музыка сізді қиял әлеміне – эльфтердің, гномдардың және Толкиеннің эпикалық кейіпкерлерінің ерекше әлеміне апарайды.

Күні мен уақыты: 16 қазан, басталуы сағат 18.00.

Өтетін орны: La Boheme (Зенков көшесі, 24-үй).

Әзірлегендер
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ,
Ақтоқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.



16 ҚАЗАН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АЗЫҚ-ТҮЛІК КҮНІ



Сабырхан СМАҒҰЛОВ,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ – ЖАҢАНДЫҚ МӘСЕЛЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жақында ғана Қазақстан халқына жариялаған өзінің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында «Жалпы, ауыл шаруашылығы саласының басты міндеті – елімізді негізгі азық-түлік өнімімен толық қамтамасыз ету» деп атап көрсетті. Үкімет қабылдаған агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі жаңа ұлттық жобаның негізгі міндеттері: әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен өзімізді толық қамтамасыз ету, одан соң агроөнеркәсіп кешені өнімінің экспортын арттыру. Себебі, бұл мәселе еліміз үшін ғана емес, ғаламдық өзекті мәселе болып табылады.

1979 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымдары конференциясы (FAO) 16 қазанды Дүниежүзілік азық-түлік күні деп жариялады.

Азық-түлік қауіпсіздігі – ең өзекті жаһандық проблема, адамзат алдында тұрған өткір мәселелердің бірі. Қазіргі таңда халықаралық деңгейде көптеген ғаламдық проблемалар бар, солардың бірі – азық-түлік проблемасы. Планета халқын тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету міндеті ежелгі тарихтан тамыр алады. Адамзаттың бүкіл тарихы кезеңінде тамақ тапшылығы қоса жүрген.

Бүгінгі күні әлем халқының 20%-ның ашығуы және тойып тамақтанбауы азық-түлік дағдарысының негізгі әлеуметтік мазмұны болып табылады.

БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO-ның) деректеріне сүйенсек, біздің планетамызда 500 млн. адам үнемі ашығып, 1 млрд. адам ашқұрсак өмір сүреді екен. Жылына 13–18 млн. адам аштықтан қырылады. Оның 75%-ы – балалар. Латын Америкасындағы өлімнің жартысы 5 жасқа дейінгі балалардың үлесіне тиеді екен.

Азық-түлік қауіпсіздігі барлық заманда мемлекет егемендігінің, оның өмірге төзімділігінің және халықаралық беделінің аса маңызды көрсеткіштерінің бірі болды. Белгілі бір мемлекет қандай әскери әлеуетке ие болмасын, егер ол ішкі азық-түлік проблемасын шешуге қабілетсіз болса, халықаралық қоғамдастық оның жоғары мәртебесін мойындамайды.

Қазақстанның ауыл шаруашылығының әлеуеті орасан зор. Қазақстан ТМД елдерінің ішіндегі азық-түлік өнімдерін өндіруге қажетті ауыл шаруашылығы шикізат түрлерімен жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілген елдің бірі.

Мемлекет басшысы 2019 жылғы өзінің алғашқы Жолдауында «Сауда және интеграция, Ауыл шаруашылығы министрліктері фермерлерге өз өнімін сыртқа шығарып сату үшін барынша қолдау көрсетуге тиіс. Осыған орай, Үкіметке тиісті тапсырма берілді. Бұл – маңызды міндет. Ауыл шаруашылығы өнімін экспорттау ісінде шикізатқа негізделуден бас тарту керек» деп қадап айтты.

Мысалы, 2019 жылы ауылшаруашылық өнімдерінің 551 түрі әлемнің 72 еліне экспортталды. Соның ішінде мал шаруашылығы өнімдерінің 95 тобы, өсімдік шаруашылығы өнімдерінің 179 тобы шығарылды. Тауарлардың экспорттық номенклатурасының 50,2%-дан

астамы өңделген ауыл шаруашылығы өнімдеріне тиесілі екенін атап өткен жөн. Өңделген өнімнің экспорты тізімінің кеңеюі ауыл шаруашылығы өндірісін әртарапандыру мен қайта өңдеуді дамыту саясатының нәтижесі болып табылады. Біз, негізінен, шетелдік серіктестерімізге астық, ет, майлы және бұршақ дақылдарын, ұн, май және май өнімдерін, сондай-ақ балық пен теңіз өнімдерін жеткіземіз. Отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі нарықтары Қытай, Ресей, Өзбекстан, Иран, Тәжікстан және Ауғанстан болып табылады.

Қазақстан бидай өндіру көлемі бойынша әлемде 6-орында тұр, ол елдің ауыл шаруашылығында басым дақыл болып табылады, сонымен қатар экспортқа шығарылады. Ал ұн экспорты бойынша Қазақстан әлемдік нарықта жетекші орын алады. Жоғары өңделген өнімдердің экспорты салық және кедендік баждарды төмендету арқылы ынталандырылады. Үкімет экспорттаушыларға консультациялық қолдау көрсетеді, оларға мемлекеттік жеңілдіктер мен субсидиялар бар, жәрменкелер мен көрмелерге қатысу шығындары өтеледі.

Таяуда ғана, яғни 24 қыркүйекте ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев БҰҰ-ның Азық-түлік жүйелері жөніндегі саммитінде тұжырымдағандай, Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасының бағалауы бойынша коронавирус пандемиясы мен климаттың өзгеруі нәтижесінде осы жылдың соңында әлемде 270 миллионнан астам адам азық-түліктің жетіспеушілігін сезінеді. Әлем бойынша азық-түлікті жеткізудің белсенді қатысушысы саналатын Қазақстан аграрлық секторды экологияландыруды және орнықты дамытуды қолдайды. Еліміз бидай мен ұн өндіруші ірі елдердің ондығына кіреді және жылына 7 миллион тоннаға дейін бидай экспорттайды. Қазақстан Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымын құруға бастамашы болды. Қазіргі таңда оның құрамында халқының жалпы саны 1,4 миллиардқа жуық 36 ел бар. Осы ұйым аясында Қазақстан жыл сайын мұқтаж елдерге, оның ішінде Ауған халқына бидай мен ұн жеткізу сияқты қайтарымсыз гуманитарлық көмек көрсетіп келеді.

Қорыта келе айтарымыз, Қазақстан жаһандық азық-түлік проблемасын шешуге барынша атсалысып, өз үлесін қоса беретініне сеніміміз мол. Әрине, ол үшін ел болып, жұрт болып тынымсыз ізденіп, ұдайы алға ұмтылуымыз қажет. Бүкіл қоғам біртұтас ел ретінде алдымызда тұрған міндеттерді орындау үшін жұмылуға тиіс.

ҚАУІП ҚАЙДАН?

ГМО ӨНІМДЕР ОПЫҚ ЖЕГІЗІП ЖҮРМЕСІН

Халқымыз «Ас – адамның арқауы» деп, қашаннан тамақтануға ерекше мән берген. Адамның тамақтану рационында ет, сүт, жеміс-жидек өнімдері алғашқы орындардың бірінде тұратыны белгілі. Дастарханның әрін кіргізетін осы өнімдердің денсаулығымызға ешбір зиянсыз, сапалы болуын бәріміз қалаймыз. Бүгінгі таңда бәрімізді елеңсіз қалдырмайтын мәселе, бұл – азық-түлік, яғни тамақ өнімдері сапасының сын көтермейтіні.



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Орыстың кейбір ғалымдары гендік модификацияланған азық-түлікке қатысты зерттеулер жүргізіп, адам жаны түршігерлік небір дүниелерді анықтап, бойды түршіктіріп қойғаны жасырын емес. Олардың айтуына сенсең, дүкеннен тәуір дүние таба алмайсың. Одан да ауылға барып, «айранымды ұрттап, қойымды құрттап жатқаным» артық екен дейсің. «Бәрінен де қой бағып, құйрық жеген озар» деп бала кезімізде тақпақтаушы едік, сол сөздің қисыны осындай мәселеде келетін сынайлы. Ал енді кейбіреулер мүлде басқа нәрселер айтады. Оларға салсаң, керісінше, гендік модификацияланған өнімдерсіз өмір сүруге болмас. Ертеңгі күні адамзат бәрібір сол өнімдердің тұтынушысы болып қала бермек.

Сырттан ішкі нарығымызға еркін еніп жатқан түрлі азық-түлік өнімдерінің сапасын бағамдамай тұтына берудің түбі жақсылыққа апармайды. Кәсібін дөңгелетіп, пайда табу үшін жарамдылық мерзімін қолдан ұзартып, құрамына жасанды қоспалар қосатын елдердің өнімі ұлт денсаулығына қаншалықты зиян келтіріп жатқанын ешкім де сарапал отырған жоқ. Табиғи таза азық-түлікті өндіруге географиялық орналасу мен климаттық жағдай жағынан, топырақ сапасы жөнінен қабілетті бола тұра, біз неге шет ел-



СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Бексұттан ӘЛІМБЕТОВ,
қала тұрғыны:

Жастар бұдан сақ болғаны абзал

ГМО жасушаларды мутацияға ұшыратып, түрлі аллергияларды тудырып, ақыры ер адамды да, әйел адамды да ұрпақ сүю қабілетінен айырады. Ғалымдар дәлелдеген бір жәйт, ол адам ДНҚ-на еніп, онда генетикалық кодты өзгертеді, сөйтіп, нәтижесінде жасушаларда катерлі ісік ошақтары өзінен-өзі пайда бола бастайды. Мысалы, Ресейде бүгін әрбір 6-шы адам бедеу не белсіз болса, біздің елімізде ер мен әйелдің ұрпақты болу қабілеті 50/50 екенін дәрігерлеріміз ашық айтуда. Ендеше, ГМО ұрпақ сүю бақы-

Бақытбек БИДӘУЛЕТҰЛЫ,
кәсіпкер:

Жаңа технологиядан қашпауымыз керек

ГМО – әуелі баста адамзат баласының күрт көбеюі салдарынан азық-түлік жетпей қалуы мүмкін деген жақсы ниетпен бидай, көкөністер, үй жануарларының ДНҚ құрамын өзгертіп, олардан көп өнім алуды көздеген. Десек те, қазіргі таңда ГМО экономиканың табыс көзіне айналды. Яғни шығынсыз есеп, бұзылмайтын өнім, еркін сауда. Әрине, бұл пайдадан біздің еш үлесіміз жоқ, аграрлық саясатты ұстанатын, жер қойнауы бай мемлекет болсақ та, өзге елдің жасанды өнімдеріне тәуелдіміз. Аграрлық ел ретінде көп көлемде астық дақылдарын егеіміз. Бірақ түрлі зиянкестер мен аурулардың (өсімдік аурулары) кесірінен екен егініміздің шығымы, өнімділігі азайып, өзіндік

дерден ГМО (гендік модификацияланған организмдер) тұнған тағамдар қабылдаймыз?

Халал мәселесі тұрғысынан қарасақ, біз харам жануарлардың генін пайдаланатын тағамдарға қарсымыз. Себебі, мұсылмандарға шарият бойынша харамның бір түйірін болсын пайдалануға рұқсат жоқ. Ал гендік модификацияланған тағамдар бұған жол беріп жатады. Мәселен, кейбір тағамдарға сарышаянның генін, ал бидайға тышқан жоламасы үшін мысықтың генін қосады. Бүгінде Ресейдің ғалымдары мұндай тағамдарға қатысты көптеген зерттеу жүргізіп, біраз дүниені анықтап жатыр. Олар жақында тәжірибе жүзінде гендік модификацияланған тағамдарды егеуқұйрықтарға берген көрінеді. Сонда әлгі гендік модификацияланған азық-түлікті пайдаланған егеуқұйрықтардың үшінші, төртінші буындары ұрпақсыз қалған. Яғни былайша айтқанда, белсіздікке, бедеулікке ұшыраған. Ендеше, қазір көп қыз-келіншектеріміздің бала көтере алмай жүргеніне, жігіттеріміздің белсіз болып жатуына осы тағамдардың «үлесі» жоқтығына кім кепіл? Оның үстіне, гендік модификацияланған тағамдар нарығымызды жаулап алды. Емшектегі баланы да, одан қалса, баланы емізетін ананы да сондай тағамдармен қоректендіреміз.

Мемлекет басшысының өзі Үкімет пен ауылшаруашылығы саласына экологиялық таза өнімдерін шығару туралы нақты тапсырма берді. Экологиялық таза азық-түліктің құрамында ГМО, синтетикалық консерванттар, жасанды дәмдеуіштер мен хош иістендіргіштер, химиялық тыңайтқыштар, құрт түсуге қарсы дәрі-дәрмектер болмайды. Сондықтан дәні де таза болады. Өкінішке қарай, бүкіл әлемде құрамында ГМО бар өнімдер көп тарауда. Қазақстанда бұл мәселеде құқықтық нормативтік актілер де жетілдірілмеген.

Негізі, мұның бәрі бизнес үшін ойлап табылғанын жұрттар түсіне қоймайды. Мәселен, не үшін астыққа сарышаянның генін қосады деп ойлайсыз? Біріншіден, сарышаянның гені қосылған астыққа оған жау жәндіктер жоламайды. Өйткені жан-жануарлар өздерінің жауын түйсік арқылы сезінеді. Екіншіден, сарышаян қуаншылыққа төзімді жәндік саналғандықтан, оның гені қосылған астық та суды аса қажет етпейді. Міне, негізінен, гендік модификация осы мақсатта дүниеге келген. Ресейдің ғалымдары осындай мәселелерді зерттеуге «ширак». Нақты-нақты айғақтар келтіріп жатады.

Бізге де гендік модификацияланған тағамдардың пайдалы не зиянды екендігін зерттейтін уақыт жетті. Кейбір ғалымдар гендік модификацияланған азық-түлікті «жаппай қырып-жою қару-жарағы» деп те сипат бере бастады. Ресейлік ғалымдардың «шулап» жүргені тегін емес. Бұл ретте өзіміздің де зерттеуші ғалымдарымыз жоқ емес, бар. Ендеше, осы мәселеге қатысты да отандық ғалымдардың зерттеулер жүргізіп, ақ пен қараны ажыратып беретін кезі жеткен сияқты.

тынан айыруға апаратын тура жол екенін тағы да айтуымыз керек! Әсіресе, жастар бұдан сақ болғаны абзал. Кола, пепси сияқты көптеген түрлі сусындар мен тәттілерге өте абай болсақ дұрыс-ақ болар еді. Мысалы, бидайға мысықтың немесе улы жыланның генін қосады. Денсаулыққа қауіпті. Бұл жеке адамдардың қалтасын толтыратын бизнес және қауіпті қару болып табылады. Осы тағамның кесірінен әлемде көптеген мутант жануарлар мен адамдар пайда болады.

құны қымбатқа шығады. Мұның бәрі – шығын. Жарайды, бұл тек бидайдың төңірегіндегі әңгіме. Ал бізде одан басқа да сақтау мерзімі шектеулі, тез бұзылатын ауылшаруашылық дақылдар, көкөністер мен жеміс-жидектер бар ғой. Осының бәрінде біз өнімділікті ұлғайтып, сапасын көтерсек, өз елімізді ғана қамтамасыз етіп қоймай, өзге елдерге де экспортқа шығара алатын мүмкіндігіміз бар. Сол себепті де, біз жаңа технологиядан қашпай, қолданып, сол арқылы өнімділікті, өндірісті ұлғайта отырып, бір мезгілде бақылауды да қамтамасыз еткеніміз дұрыс сияқты. Өнімдеріміз өз елімізде өндірілетін болса, оның сапасы мен құрамы көңілге қонарлықтай болар еді.



БІЛІМ

Жаңа бағдарламаларға қызығушылық жоғары



Рая
ЕСКЕНДІР

Еліміздегі жоғары оқу орындарында биылдан бастап 300-ден астам жаңа білім беру бағдарламасы енгізілді. Ол туралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің баспасөз қызметі мәлімдеді.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің баспасөз қызметі жаңа бағдарламалардың еңбек нарығындағы заманауи сұраныстар мен жұмыс берушілердің мамандарға қоятын талаптарына сәйкес бейімделіп, әзірленгенін айтты. Сонымен, жаңадан енгізілген оқу бағдарламалары болашақ инженерлерді, құрылысшылар мен педагогтерді, менеджерлерді, экономистер мен заңгерлерді және басқа да мамандарды оқытуды бастады. Мәселен, «Ядролық медицина», «Smart City технологиялары», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау», «Білім берудегі физика», «Ғылыми тарих», «New media», «Тау-кен ісіндегі 3D модельдеу инженері», «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мен басқа да жаңа бағдарламаларға деген қызығушылықтың ерекше екені аз уақыттың ішінде байқалған. Соңғы жылдары IT-мамандарға деген сұраныстың артуы жоғары деңгейде екені белгілі. Осыған орай, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) саласында да жаңа білім беру бағдарламалары енгізілді. Осы жылдан бастап университеттер «Big Data Analysis» (аукымды деректерді талдау), «Жа-

санды интеллект технологиясы», «Криптология», «IT-құқық», «Digital Engineering», «Робототехникалық жүйелер», «Data Science», «Киберфизикалық жүйелер», «Роботтандырылған пилотсыз ұшу аппараттары», «IT-менеджмент», «Цифрлық экономика» сияқты бағдарламалар бойынша мыңдаған болашақ бағдарламашыларды оқытуды бастады. Мәселен, биыл АКТ саласындағы мамандарды даярлауға мемлекет 10 мыңға жуық грант бөлсе, бұл 2018 жылмен салыстырғанда екі есеге артық.

— Соңғы жылдары еліміздің еңбек нарығында IT-мамандарға сұраныстың күрт өсуі байқалғандықтан, ақпараттық технологиялар өмірдің барлық саласына енгізіліп отыр. Сондықтан жоғары оқу орындары мамандарға қойылатын қазіргі талаптарға сәйкес келетін білім беру бағдарламаларын әзірледі. Бұл ретте білім беру бағдарламаларын енгізу барысында жоғары оқу орындары жұмыс берушілердің пікірлері мен сұраныстарын ескеруге міндетті. Мысалы, жұмыс берушілер ақпараттық жүйелерді қорғау бойынша кадр даярлау қажеттілігі туралы хабарлады. Жаңа бағдарламалардың басты артықшылығы — олар еңбек нарығында қажет практикалық білім алуға бағытталса, IT бағыты бойынша көп жаңа бағдарлама бар. Мәселен, IT-құқық, IT-медицина және т.б., — деді ҚР Білім және ғылым министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры Әділет Тойбаев.

жұмыстар жүргізілуде. Мемлекеттік сатып алу жарияланады. Бұл батырмалар арқылы кез келген адам қандай да бір келеңсіз оқиғалар туралы хабарлай алады. Менің ойымша, бұл жақсы нәтиже береді, — деп мәлімдеді Алматы қалалық полиция департаментінің бастығы Қанат Таймерденов.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

SOS

Жақсы нәтиже күтіледі

Алматыда адамдар жиналатын орындарда SOS батырмалары орнатылатын болады.

— Бірінші кезеңде 30 батырма іске қосылады. Қазір конкурстық

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы



БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Алматы» санаторийіне:

— заңгер;
— қызметші;
— тазалықшы;
— асүй жұмысшылары;
— бағбандар керек.
Тел.: 8 701 794 90 56.
Асқаров көшесі, 2-үй.

«Жедел-Күзет» ЖШС-ға:

— жүргізушілер;
— күзетшілер керек.
Тел.: 8 771 552 14 32.
Әуезов көшесі, 50-үй.

«NKB group Kazakhstan» ЖШС-ға:

— прораб;
— құрылысшылар;
— әртүрлі жұмыстарға жұмысшылар;
— кеңсе менеджері қажет.
Тел.: 8 707 775 25 01.

«Комета» ЖШС-ға:

— оператор;
— жүк тиеушілер керек.
Тел.: 8 701 027 24 04.
Наманганский көшесі, 43-үй, ВА3 ауд.

«Mc Donald's» ЖШС-ға:

— мейрамхана қызметкерлері керек.
Тел.: 8 702 819 48 48.

«InterTeach» ЖШС-ға:

— әртүрлі жұмыстарға жұмысшылар;
— жүргізушілер қажет.
Тел.: 8 771 414 05 10.
Назарбаев даңғылы, 269-үй.

«Caspian beverage Holding» ЖШС-ға:

— экспедитор-жүргізушілер;
— жүк тиеушілер;
— аула сыпырушылар;
— тазалықшылар керек.
Тел.: 8 700 250 38 64.
Гоголь көшесі, 211-үй.

«Promenade» ЖШС-ға:

— тазалықшылар керек.
Тел.: 8 700 118 08 90.

«Алматы Электротранс» ЖШС-ға:

— бақылаушылар;
— автобус жүргізушілері;
— троллейбус жүргізушілері керек.
Тел.: 8 747 277 87 70.
Төле би көшесі, 67-үй.

«Технодом» ЖШС-ға:

— жүк тиеушілер;
— аула сыпырушылар керек.
Тел.: 8 747 338 35 31.

«Alser-computers» ЖШС-ға:

— жүк тиеушілер;
— жинаушылар;
— Call-center операторлары керек.
Тел.: 8 700 188 17 98.
Сүйінбай көшесі, 2-үй.

«Нәзік» ЖШС-ға:

— сатушылар;
— кассирлер;
— тазалықшылар;
— асүй жұмысшылары;
— аспаздар;
— кондитерлер керек.
Тел.: 8 705 410 25 31.
Масаншы көшесі, 23-үй.

«Rixos» қонақүйіне:

— қызметшілер;
— ыдыс жуушылар (жігіттер);
— жайма бұйымдарын тасушылар (жігіттер) керек.
Тел.: 8 775 034 83 94.
Сейфуллин даңғылы, 506/99.

СӘТТІЛІК СЕРІГҮНІЗ
БОЛСЫН!

СЕНБІЛІК САУАЛНАМА

Қаладағы жас отбасылар дегенде неге екенін қайдам, пәтерден-пәтерге көшіп жүрген жандар елестейді. Қоғамдағы жиі айтылатын мәселе болғандықтан шығар, әлде біздің санамызға орнығып алған түсінік пе, әйтеуір одан тәуір картина көз алдымызға келмейді. Дегенмен, мұнда шындық та бары рас. Бірақ шаңырақ көтерген жас отбасыларда баспана түйткілінен басқа да мәселелер бары көп қозғала бермейді. Бүгінгі сауалнаманы осы тақырыпқа арнағанымыз да содан.

Сонымен, бүгінгі жас отбасыларда қандай мәселелер бар? Олар оны қалай шешуде?



Жас отбасыларда қандай мәселе бар?

Айман ЖОЛДЫБАЕВА,
декреттегі ана:

— Отбасылық өмірге әу баста жастардың саналы түрде қадам баспауынан проблемалар басталады. Некелескенге дейін екі жас бір-бірін жеткілікті дәрежеде тани білу керек. Олардың өмірге көзқарасы, құндылықтары деңгейлес болмаса түсініспеушілік, кикілжің туындайды. Материалдық жағдай, ақшаның жеткілікті болуы да көп нәрсеге әсер етеді. Қазіргі

отбасылардың көбі баспанасыз, пәтерден-пәтерге көшіп жүр. Жақсы қарым-қатынас үшін ер адамның әйеліне сыйлық жасауы, қарапайым ғана гүл беріп тұрғанының өзі маңызды дер едім. Қай жағынан алып қарағанда да мейлі материалдық, мейлі моральдық, мейлі менталдық, яғни ақыл-ой, сана деңгейлерінің шамалас болуы проблема туындай қалғанда жас ерлі-зайыптылар үшін жақсы көмекші болар еді. Олардың арасында қандай да бір гармония болса, олар кез келген мәселені бірге шешеді.



Гүлмира МҰҚЫШЕВА,
көпбалалы ана:

— Жас отбасылардағы басты мәселе — шыдамсыздықтан басталады. Көп нәрсеге шыдамаймыз. Соның бірі — ақша жоқ. Қаржылық қиындық кез келген отбасында болып тұрады ғой, бірақ соның өткініші нәрсе екенін ұмытып кетіп, ренжісіп жатамыз. Барлық ұрыстың басында осы «ақша жоқ» деген сөз тұрады. Үйге бірнәрсе алайын десем, қонақ шақырайын десем, не өзіме киім алайын десем ақша жоққа келіп тіреледі. Соның бәрі жинала келіп үлкен реніш тудыртады. Балалы болған соң оған жақсы киім алып, қыдыртуға шыға қойғың келеді. Тағы сол ақша жоқ. Сондай кездері ренжисің. Баяғыда бір ұстазымыз «кез келген махаббатты ақша жоқ өшіреді» дейтін. Сол сөздің жаны бар. Екі жастың арасындағы сезімді әлсіретеді. Ойткені, реніш деген нәрсе жүректе сақтала-тындықтан, ол жүректегі сезімді өшіре береді. Одан кейінгі үлкен мәселенің бірі — баспананың жоқтығы. Көліктің жоқтығы дәл олай әсер етпейді, бірақ баспананың жоқтығы үлкен мәселе. Пәтеракы төлеу керек. Баламен жүріп көшіп-қону да оңай емес. Соның бәрінен ұрыс шығады.

Алтынай АРХАТОВА,
PR-менеджер:

— Ата-анасына сеніп алатын жастар да жоқ емес. Олар ақша, азық-түлік салу керек деп отырады. Мұндай нәрселер жас отбасын құртады. Жұмыссыздық осындай арамтамақ ойлардан шығады. Жұмыс істеуге құлық жоқ, үйде отыру дегенге үйреніп алады. Әйелі жұмыс істеп, күйеуі үйде жатса, ол әйел адамға өте қиын. Қандай отбасы болса да әйел адамның жұмыссыздығы білінбейді, ер адамның жұмыссыздығы қатты білінеді. Ер адамның қолы босамай түзде жүргені жақсы. Егер ол үйде отырса ұсақ-түйектерді көзге түртіп, ұрыс-керіс шығады. Жас отбасында әйелінің ер-азаматын сыйлап, кешкілік жұмыстан келерде ыстық тамағын дайындап, үйі мен балаларының үстің таза ұстауы маңызды. Ер адам сырттан кіргенде үйінде әдемі гармония болса, ол адам күнделікті үйіне асығып тұрады.

ӘНЕЛ,
кәсіпкер:

— Жас отбасыларда болатын бір мәселе — олар әркімге сенгіш келеді. Күйеуіне бір адам «әйелің мынадай ғой, ана жері дұрыс емес» десе, ол жас отбасына бірден әсер етеді. Ер адамның әйеліне деген көзқарасы өзгереді. Суық сөйлейді, суық қарым-қатынас жасайды. Ол да кикілжіңге себепші. Тағы бір мәселе — әйелі күйеуі жактын, күйеуі әйел жактын туыстарын жақтырмау. Мұндай көп. Кейде шағын ғана үйде тұратын жас отбасына туыстары келіп, айлап қонақтап жатып алады. Қалада тұрған соң оған

МӘДИНА,
теміржол қызметкері:

— Мен Семей өңіріне тұрмысқа шықтым. Ол жақ біраз орыстанып кеткені рас, сол үшін жаңа отбасыға үйренісу оңай болмады. Келін болған соң ата-енемнен бәрібір шекара болады. Байқағаным, күйеуіңнің қолдауы өте маңызды. Әлеуметтік жағдай мен үшін маңызды емес деп көңіл бөлмегенімен, тұрмыстық өмірде ол айтарлықтай мәселе тудырады екен. Бала тәрбиесімен үйде отырған кезде әйел адамға білім алып, өзін-өзі жетілдіру өте маңызды. Отбасындағы құндылықтар жайлы білу керек. Не нәрсеге көз жұмып, қай кезде өзінді қалай ұстау керектің білсең, үнемі өзіне керек білім алып отырсаң, ол әйел үшін ауадай қажет. Шыдамдылық пен сабырлық та керек дер едім.

қанша қаражат керек. Жастар да бір жағынан өз-өзімен болғысы келеді. Келіп-кеткен адамдардың әңгімесі бар. Негізі, жас отбасыға сыртқы факторлар өте қатты әсер етеді. Келін жас бола тұра барған еліне сіңісіп, барлығының көңілін табу керек. Олай болмаса жолдасы ренжиді. Осы жағы қиын. Бір жағынан ол бөтен үйге үйрену керек, екіншіден, жұрттың бәрінің көңілін табу қажет. Өз үйін тастап, келіп отырған қызға қолдау білдіріп, демеп отыру керек. Ал біздің қазақтарда көбіне ондай түсінік жоқ. Жас отбасыға шектен тыс жүк арта береді.

Сауалнаманы жүргізген Әсел ДАҒЖАН.

ENBEK.KZ

Уақыт үнемдейді

АА

Нұржамал
ӘЛІШЕВА



Алматылықтарға Жұмыспен қамту орталығының қызметтерін алу үшін енді кезекте тұрудың қажеті жоқ. Өйткені, орталыққа онлайн-режимде тіркеліп, жұмыс табуға болады.

Ол үшін жұмыс іздеп жүрген жандар ENBEK.KZ электрондық еңбек биржасы порталында ЭЦҚ-мен тіркелсе жетіп жатыр. Содан кейін мына қызметтер қолжетімді болады:

- бос жұмыс орындарының дерекқоры;
- түйіндемеңізді орналастыру;

- берілген критерийлерге сәйкес (қызмет саласы, кәсібі, өңірі) порталда жаңадан жарияланатын бос жұмыс орындарын өзіңіздің электрондық мекенжайыңызға немесе Telegram мессенджеріне таратуға және алуға жазылу;

- пікірлердің режимдері көмегімен және әңгімелесуге шақырулар арқылы жұмыс іздеу;

- тиісті тест нәтижелерімен, кәсіптік оқытуға және бос жұмыс орындарын таңдау;

- «Виртуалды кеңесші» модулі арқылы 18 мемлекеттік қызмет бойынша кеңес алу;

- уақытша жұмыстарға (әлеуметтік жұмыс орын-

дары, қоғамдық жұмыстар, жастар практикасы) жолдама алу;

- қоныс аудару бағдарламасының мәселелері бойынша кеңес алу;

- жаңа дағдыларды онлайн оқу;

- «Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша жұмыс іздеу.

Алматылық Мақпал есімді тұрғын – Жұмыспен қамту орталығының қызметін онлайн-режимде алғандардың бірі. Ол Enbek.kz арқылы жұмыссыз ретінде тіркеліп, әлеуметтік төлемдерді рәсімдеген.

– ENBEK.KZ – өте ыңғайлы, кезек жоқ, бәрі қолжетімді әрі түсінікті. Ұлыма рахмет, ол Жұмыспен қамту орталығына барып жатпай-ақ, бүгінде бәрін қашықтан жасауға болатынын айтып, кеңес берген болатын. Иә, мен үйден шықпай-ақ, көп уақытымды үнемдедім, – дейді Мақпал.

Ал Алматы қаласы Халықты жұмыспен қамту орталығының директоры Д.Иманқұлова ENBEK.KZ қызметі тегін және тәулік бойы жұмыс істейтінін, түйіндемені орналастыру және бос жұмыс орындарына жазылу сервисін ENBEK.KZ мобильді қосымшасынан да пайдалануға болатынын айтты.

СЫР-СЫМБАТ

Көше қиылысында бағдаршамның жасыл көзінің жануын күтіп 10–15 шақты адам топталып тұрмыз. «Қыздың көзі – қызылда» демекші, сәл аялдап тұрған сәтті пайдаланып, маңайымда тұрған жүргіншілердің киім үлгілеріне назарым ауды. Көбісі сәнді әрі заманауи киінгені байқалады.

АА

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

ӘДЕМІЛІК ӘЛЕМІ



Бала күнім есіме түскені. 7-сыныпта оқимын. Анам дүкеннен жаңа оқу жылына үш киім сатып әкелді. Ауыстырып киеді дегені болар. Көз мөлшермен алған киімдерін киіп көрсем, маған үлкендеу екен. Бала емеспін бе, жаңа киімге қызығып, «кие беремге» басып, қысқартқызып киіп алдым. Алайда, бір аптадан кейін анама бұл киімнің денеме біртүрлі, қолайсыз екенін айтып, мазасын ала бастадым. Тіршілік қамымен жүрген анамда аудан орталығына қайта жүретін қайдан уақыт болсын, қолынан келгенше тағы қысқартып, «оқу жылы аяқталғанша осы киімдерді киесін» деді. Кейін бойым өсіп, 9-сыныпқа көшкенде әлгі киімнің денеме шап-шақ болғанына көзім жетіп, анама: «міне, қараңызшы, кезінде үлкенін алыпсыз ғой» деп бұртиғаным бар. Иә, кейде ата-ана «бала тез өсіп кетеді» деген оймен үлкендеу киімдер алып жатады. Тіпті, тар киім алатындар да бар. Бұл бала денсаулығына, ойлауына кері әсерін тигізетінін түсіну қажет.

Міне, берекелі күз мезгілінің екінші айына аяқ басамыз. Күздің салқыны сезіледі. Сондықтан жылы киімдерге көше бастадық. Осы жылы сәнді де мәнді киінуді ойласаңыз, қалтаң-

ызды қақпайтын, денсаулығыңызды сақтайтын біз ұсынған соңғы сән үлгілеріне көз жүгіртсеңіз болады.

Деним деп аталатын қатты мата түрінен тігілген киімдер осы күздің трендіне айналып отыр. Бастысы – түсі қара болуы керек. Қара денимнен тігілген шалбар, күртеше, комбинезон, көйлек, жейде сәнде болмақ. Бастапқыда бұл материал тек шалбар үшін қолданылған. Бүгінде дизайнерлер курткалар, көйлектер, тіпті, аяқкиім коллекцияларындағы деним үлгілерін ұсынады.

Бүрмеленген белдемше осы күзде қайтадан сәнге еніп отыр. Стилист белдемшені жакет, свитер, ұзын жилет немесе футболкамен үйлестіріп киюге кеңес береді. Аяғыңызға кроссовки немесе биік өкшелі туфли киісеңіз болады. Биязы үлгілдік белдемше бір-біріне параллель орналасқан көптеген қатпарлардан тұрады.

Қара костюм ешуақытта сәннен шықпайтыны анық. Жакет сәнді туфли, кеды, бәтөңке, тіпті, өкшесі жоқ аяқкиіммен үйлесім табады. Сондай-ақ, оны тек жұмыс барысында ғана емес, көңіл көтеретін орындарға да киюіңізге әбден болады.

Трикотаж суық мезгілге әбден қолайлы. Бала кезіңіздегі шалбар мен жемпірден тұратын трикотаж костюм қайтадан сәнге айналады деп кім ойлаған бүгінде. Трикотаж костюм сәнді ғана емес, сонымен қатар, өте ыңғайлы әрі жылы. Бүгінде дизайнерлерді сұлулық қана емес, жайлылық та ойландыратын болған.

Логомания, яғни логотипі бар киімдерді кию соңғы он жылда сәннен шыққан болатын. Быыл бәрі өзгерді. Киіміңізде логотиптер неғұрлым көп болса, соғұрлым сәнді болмақ. Көптеген дизайнерлер осы маусымда логотиптермен толықтай безендірілген коллекцияларын ұсынады. Мейлі ол көйлек болсын, енді бірде сөмкеге, одан қалды комбинезоннан белбеу мен етікке дейін эмблемалардың болуы артық етпейді деседі.

Қатпары көп косуха-палаццо шалбары. Бұл образ арқылы бірнеше түстің үйлесімін көруге болады. Зебра танбалы сөмке, жасыл түсті шалбар, күрең-қоңырқай түсті кеудеше (водолазка), өзі қара, жағасы қоңыр түсті сырт киім. Көз алдыңызға елестетіп көріңізші, мүлдем миға сыймайтын дүние сияқты, бірақ өзіңізді сынап көріңіз, сізге керемет жарасуы мүмкін.

АВТОЖАҢАЛЫҚТАР

Цифрлық формат жарамды

Жолаушылар мен багажды автомобиль көмегімен тасымалдау қағидаларына енгізілген өзгерістер қазақстандықтарға жеке куәлікті цифрлық форматта пайдалануға мүмкіндік берді.

ҚР ИИДМ баспасөз қызметінің хабарлауынша, ауданаралық (қалааралық, облысшілік) маршруттарда автобустарға отырғызу кезінде жолаушылар жеке куәлігін өз қалауы бойынша – түпнұсқада немесе электрондық құжат нысанында цифрлық құжаттар сервисі арқылы (ұялы телефон арқылы) ұсына алады. Сондай-ақ, халықаралық, қалааралық, облысаралық, ауданаралық (облысшілік, қалааралық) бағыттар бойынша жол жүру кезінде багажды алу үшін автовокзалдарда, автобекеттерде, жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінде цифрлық жеке куәлік бойынша билеттер сатып алу мүмкіндігі көзделген.

Бұдан басқа, такси жүргізушілері рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық куәландырудан өту кезінде жеке куәлікті қағаз түрінде де, электрондық нұсқада да пайдалана алады.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«Көлігіңізді бере тұрасыз ба?»

Қайрат ҚАЙБҰЛЛАЕВ,
құрылыс саласының маманы:

– Негізі, мен көлік ауысып жүргізгенге қарсымын. Көлік те, меніңше, адамның меншігіне жатады. Бұл бір соған қол сұғу секілді көрінді маған. Мыңдаған шақырымдық жерге бару үшін көлік сұрап келетіндерді мүлде түсінбеймін. Мәселе көліксіз, жаяу жүріп қалуда емес, тек біреудің көлігінің сырын біреу қайдан білсін?! Темір емес пе, жолда тұрып қалса не болады? Тек қала ішінде болса да қазіргі күні көлік беру қиын. Оған сақтандыру керек. Сұрап келіп тұрған адам бар құжатын заңдап алып барып айдайды деп ойламаймын.

Асылжан ЕРКІНҰЛЫ,
жүргізуші:

– Келіншегіме көлік жүргізуді өзім үйреттім. Көлікті де тек сонымен бөлісе аламын. Көліктің жекеменшік құралы екенін ескерсек, ол адамның жеке төсек-орны секілді. Әрі онда қажетті құжаттар мен заттар бар болады. Көлік сұрап келген туған-туысқа «өзім апарып, әкеле салайын» деп айтатын болдым. Маған дұрысы сол.

Дина ОМАРҚЫЗЫ,
дәрігер:

– Қиналып сұрап тұрса, неге бермеске? Темір де балқып, жоқ боп кетеді ғой. Көлік те темірден жасалған. Бұзылады, жүреді. Бұл да жақсылық жасаудың бір түрі. Сондықтан көмектесем дегенде тұрған ешнәрсе жоқ. Кейін артында жақсы атың қалады.

«Аparking» кінәлі ме?

Алматылық жүргізуші Руслан Жиренбай өзіне «Аparking» қосымшасының істен шығуына байланысты айыппұл салынды деп санайды.

– Мен «Алматы-1» вокзалының жанындағы базарға тұрақтадым. «Аparking» қосымшамда 78 теңге болды. Есімде, бұрын тарифтеу минут сайын болатын, бірақ қазір ондай жоқ және сіз кем дегенде бір сағатқа төлейсіз. «Төлеу» батырмасын басқаннан кейін бір сағат ішінде есептегіш қосылып, теңгерім (минус) 22 теңге болды. Сенімді болу үшін бірден шотқа 200 теңге тастадым, 178 теңге болатын балансты тағы бір рет тексердім де кетіп қалдым. Біраз уақыттан кейін олар менен төленбеген тұрақ үшін айыппұл алды. Тексеріп қарасам, «төлем сәтсіз аяқталды» мәртебесін көрдім, – дейді ол.

Осы жағдайға тиісті орынның ресми түсіндірмесі: «Автоматты режимде жұмыс істейтін автоматтандырылған тұрақ жүйесінің деректеріне сәйкес, көлік сағат 10.37-ден 10.58-ге

дейін тұрақтады. Тұрақтау ұзақтығы 21 минутты құрады, төлем сәтсіз аяқталды. Шотында 78 теңге болды. «Төлеу» батырмасын іске қосқаннан кейін пайда болған айырмашылық – 22 теңге (қажетті минимумның болмауы). Бұл ретте бағдарлама уақытты кері есептеу таймерін іске қоспады, ал тұрақ шотында 100 теңге мөлшеріндегі соманың болмауы себебінен төлем автоматты түрде тоқтатылды. Бұл қоса берілген скриншотта көрсетіледі. Тұрақ шотын толтырғаннан кейін бағдарлама «шотты толықтыру» туралы хабарлайды. Осылайша сіз өзіңіздің шотыңызды толтырдыңыз (толтырғаннан кейінгі жалпы сома 278 теңгені құрады), бірақ тұрақ сессиясын іске қоспадыңыз, осыған байланысты жүргізілген тұрақ үшін ақша қаражаты есептен шығарылмады. Мобильді қосымшаны дұрыс пайдалану үшін сайтта орналасқан нұсқаулықпен мұқият танысуыңызды сұраймыз, <http://www.aparking.kz/> мобильді қосымша арқылы тұрақ ақысын төлеген кезде абай болыңыз», – делінген.

Жаңартылған экобекеттер

Алматыға кіреберістерде көктемнің басынан бері 9 жаңартылған экопост жұмыс істейді. Біреуі «Алтын Орда» базары маңындағы жол жөндеу жұмыстарына байланысты жабылды. Ағымдағы жылдың 9 айында экобекеттер 21 4793 295 теңге сомасына 14 727 хаттама жасады.

– Әкімшілік айыппұл 434-бап бойынша есептеледі. Бірінші рет бұл 2 АЕК мөлшерінде айыппұлды алдын ала ескерту ретінде болады, егер көлік екінші рет тоқтатылса, онда 5 АЕК, ал егер үшінші рет орын алса, көлік иесі 10 АЕК мөлшерінде айыппұл төлеуге тиіс. Сондықтан ескерту алған кезде көлік иесі дереу мамандандырылған ұйымдарға жүгінуі тиіс, онда көлік Мемстандарт пен зертханалық салыстырып тексеруден өтеді, – деді қалалық жергілікті полиция қызметі бастығының орынбасары Ержан Ұзабаев.

Қаланың Жасыл экономика басқармасы барлық экобекет арнайы жабдықтармен және түтін өлшегіштермен жабдықталғанын хабарлады. Сондай-ақ, жаңа экобекеттерде көп компонентті газ анализаторларының көмегімен көмірсутектер, көміртегі оксиді, көміртегі диоксидтері, азот тотықтары, оттегі бар бензинді және газды автокөліктердің пайдаланылған газдары тексеріледі. Дизель машиналары пайдаланылған газдың түтінін тексереді. Бензиндегі автомобильдер газаналитикалық жабдықтың көмегімен, ал дизельдер түтін өлшегіштердің көмегімен тексеріледі.

Сондай-ақ, қаланың экологиялық жағдайын жақсарту үшін жүк көлігін, мамандандырылған және құрылыс техникасын пайдаланылған газдардың ұыттылығына тексеру күшейтілді.

Әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.



Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 14 қазандағы
№4/494-917

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» және Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2019 жылғы 11 қазандағы қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАҰЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Электр көлігі нысанының құрылысы үшін, Алматы қаласы, Алатау және Наурызбай аудандарындағы, «Қалқаман» станциясынан бастап «Батыс» автовокзалына дейін орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Б.САҒЫНТАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы «14» қазандағы
№4/494-917 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	«Гуль-Канат» ЖШС	20-322-004-007	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 1 В	0,1564
2	Пак Владислав Миронович	20-322-004-498	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 1 К	0,0990
3	«BM Estate» ЖШС	20-322-004-515	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 1/13	0,3641
4	Пак Вячеслав Миронович	20-322-003-159 (20-312-951-026)	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 2 Г	0,0912
5	Пак Вячеслав Миронович	20-322-003-160 (20-312-951-028)	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 2 Г	0,1068
6	Калжанов Талғат Серикбаевич, Джалгасова Жібек Күмекбаевна	20-322-004-675	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 3	0,0934
7	Қосмамбетова Ляззат Торғаевна	20-322-003-379	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 6	0,0916
8	Жаментикова Нурзия Имановна, Мырзаханов Умиткали	20-322-004-008	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 9	жалпы - 0,1415 үлесі - 0,0731
9	Касанова Айна Шебековна	20-322-003-313 (20-312-951-024)	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 13 А	0,3971
10	Ледовская Наталья Ивановна	20-322-005-396 (20-312-948-264)	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 15	0,1523
11	Каримова Ляйла Таймахановна	20-322-003-115	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 34	0,1131
12	Шрейдер Айман Бекетбаевна	20-322-005-928	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 39	0,1400
13	Тлегенов Қоржынбай Сағынаевич	20-322-003-056	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 42	0,0353
14	Рыжкова Татьяна Ивановна	20-322-005-401	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 51	0,1040
15	Бекмуратов Айдос Мауленович, Дүйсенова Жұлдыз Нұртасқызы	20-322-007-512	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 52	0,1481
16	Заволока Владимир Павлович, Заволока Александр Павлович	20-322-005-767	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 59	жалпы - 0,2400 үлесі - 0,1200
17	Захаров Кирилл Викторович, Добычина Наталья Викторовна	20-322-005-767	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 59	жалпы - 0,2400 үлесі - 0,0700 үлесі - 0,0500
18	Панина Ольга Юрьевна	20-322-005-758	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 63	0,0900
19	Жабасова София Джұлдасбековна	20-322-007-557	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 66	0,0700
20	Тажимаева Майра Джумабаевна, Тасов Алмас Аскарович	20-322-004-513	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 2/10	0,1500
21	Күсембекова Айгуль Абдихановна, Оспанов Тимур Маратович	20-322-004-510	«Қалқаман-2» шағынауданы, Сағатов көшесі, 2 А	0,0743
22	Сатуканов Нұсупжан Абишович, Дулатбекова Элиман	20-322-003-259	«Тұлпар» шағынауданы, Дорожник көшесі, 5, 2-пәтер	жалпы - 0,0779 үлесі-0,0334
23	Тюрина Светлана Петровна, Хен Руслан Иннокентьевич	20-321-057-245	Райымбек даңғылы, 523/1 учаске	0,1055
24	Есенкулова Ардак Болатовна	20-321-070-793	Райымбек даңғылы, 523 Б	0,0500
25	Левина Виктория Анатольевна, Левин Тимур Юрьевич	20-321-057-317	Райымбек даңғылы, 525/2	0,0700
26	Амренов Бикелди Уахитович	20-321-070-729	Райымбек даңғылы, 525/3	0,0641
27	«BONA GROUP Co., Ltd.» ЖШС (BONA GROUP Ко., Лтд ЖШС)	20-321-057-278	Райымбек даңғылы, 527 А учаске	1,7000
28	Тертеусизов Берикжан Кабылканович	20-321-057-306	Райымбек даңғылы, 529	0,2412
29	Омиразова Гульнар Нурахметовна	20-321-057-315	Райымбек даңғылы, 529/3	0,0850
30	Эйбова Роза Пашаевна, Эйбов Садыр Физович	20-321-070-850	«Теректі» шағынауданы, Таусамалы көшесі, 1/46 учаске	0,0600
31	Эйбова Сания Бадерхановна, Эйбов Васип Садырович	20-321-070-1083	«Теректі» шағынауданы, Таусамалы көшесі, 1/66 учаске	0,1685
32	Эйбова Роза Пашаевна, Эйбов Садыр Физович	20-321-070-899	«Теректі» шағынауданы, ҚазМИС орамы, 31/29 учаске	0,0586
33	Жумабаева Дания Канафияқызы	20-321-070-1232	«Теректі» шағынауданы, Шарайна көшесі, 69/1	жалпы- 2,2300 иеліктен шығарылатын ауданы -0,6237
34	«Кипрос» ЖШС	20-321-070-149	«Теректі» шағынауданы, Шарайна көшесі, 111	жалпы- 4,1600 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,1083

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 14 қазандағы
№4/ 494-900 қаулысы

«Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласының Медеу ауданында өтетін жолды ұйымдастыру үшін қауымдық сервитут белгілеу туралы» 2021 жылғы 8 қазандағы №4/ 494-888 қаулысына өзгеріс енгізу туралы»

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАҰЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласының Медеу ауданында өтетін жолды ұйымдастыру үшін қауымдық сервитут белгілеу туралы» 2021 жылғы 8 қазандағы №4/ 494-888 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

2-тармақтың 2-тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«Осы қаулыны Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін».

2. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Б.САҒЫНТАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 14 қазандағы
№4/494-918

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2021 жылғы 25 мамырдағы қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАҰЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Автомобиль көлігінің нысаны үшін Игорь Геннадьевич Бунеевтің, Татьяна Евгеньевна Бунееваның, Александра Игоревна Поленованың, Станислав Игоревич Бунеевтің Алматы қаласы, Жетісу ауданындағы, Жансүгіров көшесі, 52 А үй, 10-пәтер мекенжайы бойынша орналасқан, жалпы ауданы – 0,1018 га (кадастрлық нөмірі 20-314-032-207) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін (жер пайдаланушыларын) ескертсін және жер учаскесінің меншік иелеріне (жер пайдаланушыларға) өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Б.САҒЫНТАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 14 қазандағы
№4/494-919

Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 ақпандағы №1/1-284 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАҰЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 ақпандағы №1/1-284 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін: аталған қаулының қосымшасындағы реттік нөмірі 12 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

12	Қутырева Надежда Александровна, Қутырев Владимир Николаевич, Левадный Иван Анатольевич	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов (Әуезов) көшесі, 97	20-322-005-931	0,0969
----	--	--	----------------	--------

»;

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Б.САҒЫНТАЕВ

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға бір жылға жазылу керек.

2021 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектердің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолданңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatauaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектері бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 3 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alataу Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сәт күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Динара МҰРАТ**

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табак.



COVID-19-ға қарсы вакцина алғаннан кейін иммунитет қашан қалыптасады?



Бірінші дозаны салғаннан кейін **12-14 күн ішінде** бірінші иммундық жауап қалыптасады

осы кезеңде барлық сақтық шараларын сақтау керек: **бетперде тағу, қол гигиенасын, жөтелу «этикеті» және әлеуметтік қашықтық**



тұрақты иммунитет **32-45 күннен кейін**, ең көп дегенде **56 күннен кейін** қалыптасады



ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
МЕДИА-ОРТАЛЫҚ

COVID-19-ға қарсы вакцина алғаннан кейін ауыру қаупі бар ма?



Вакцинация - коронавирус инфекциясына қарсы жалғыз қорғаныш шарасы, аурудың ауыр түрлерін, асқыну қаупін азайтады.



Егер сіз екпе алғаннан кейін ауруды жұқтырғанның өзінде, **ол жеңіл түрде, асқынусыз өтеді.**

Есте сақтаңыз

Симптомсыз пациенттер инфекция көзі болып табылатынын есте сақтаңыз! Бетперде тағуды, әлеуметтік қашықтықты, қол гигиенасын және жөтелу этикетін сақтауды жалғастырыңыз.



ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
МЕДИА-ОРТАЛЫҚ

СПОРТ КҮНДЕЛІГІ

Шорт-трек



Әлем кубогының кезеңдік сайысы

Биыл шорт-тректен Әлем кубогы санатына енетін бес кезеңдік сайыстар өтеді. Басты бәсекелер Қытайдың Бейжің (21-24 қазан), Жапонияның Нагоя (28-30 қазан),

Мажарстанның Дебрецен (18-21 қараша) және Нидерландтың Дордрехт (25-28 қараша) қалаларында ұйымдастырылмақ.

Алдағы аптада Бейжіңде өтетін шорт-тректен Әлем кубогының кезеңдік жарысында, Қазақстан ұлттық құрама командасының бапкерлері мәлімдегендей, елімізден ерлер арасындағы сайыста Абзал Әжғалиев, Әділ Ғалиахметов, Нұртілек Қажығали, Денис Никиша, Еркесбұлан Шамұханов және Мерсайд Жаксыбаев, ал әйелдер жарысында Әлия Әмірғалиева, Әсел Тайшыманова, Мәдина Жанбосынова, Яна Хан, Ольга Тихонова, Алена Волковицкая өнер көрсетеді.

Теннис



Кремль кубогына қатысады

Қазан айының екінші жартысында Ресейде теннистен екі бірдей халықаралық турнирдің шымылдығы түріледі. Бірі – Мәскеуде, екіншісі –

Нева жағалауында өтеді. Қазірдің өзінде Қазақстанның белді ойыншыларының біразы бұл бәсекелерге шақырту алып отыр.

Ресей Федерациясында өтетін дәстүрлі Кремль кубогы жолындағы жарыста өнер көрсететін қазақстандық спортшылардың есімдері белгілі болды. 16-24 қазан аралығында өтетін бұл жарыста еліміздің намысын қорғау үшін ерлер мен әйелдер арасында Қазақстанның бірінші ракеткалары Александр Булик пен Елена Рыбакина сынға түспек. Кремль кубогының жүлде қоры 1 345 045 АҚШ доллары.

Александр Булик «СИБУР Арена»-да 24-31 қазан күндері өтетін XXVI халықаралық St. Petersburg Open додасының (жүлде қоры 1 399 370 АҚШ доллары) негізгі турниріне қатысушылардың арасында да бар. Еске сала кетсек, бұл доданың 2010 жылы өткен турнирінде жерлесіміз Михаил Кукушкин жеңімпаз атанған болатын.

Көркем гимнастика



Мың бұралған сұлулар бәсекесі

27 қазанда Китакусю қаласында (Жапония) көркем гимнастикадан әлем чемпионатының шымылдығы ашылады.

Күншығыс елінде қазақстандық гимнастшылар да өнер көрсетеді. Атап айтқанда, осынау додалы бәсекеде ел намысын Ирина Винер-Усманова атындағы Көркем гимнастика орталығында жаттығып жүрген Елжана Таниева, сондай-ақ, Ділпаз Байленова, Айдана мен Даяна Шаяхметовалар, Милана Будник, Алина Чернышева, Айсулу Мырзағалиева және Сағина Мұратқызы сынды гимнастшылар қорғайтын болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Көптің назарын аударды

Қазақстандық модель, актриса және суретші Айя Сарбасованың ұлттық нақыштағы фотосуреттері желі қолданушыларын тамсандырды. Этникалық стильде жұмыс істейтін заманауи дизайнердің ұлттық костюміндегі қыз киізден жасалған кілемдер мен Көлсай көлдерінің керемет пейзажының фонында бейнеленген. Бұл фотосессия халықаралық сән журналы үшін ұйымдастырылды. Айя қатысқан түсірілім ауқымды жобаның бір бөлігі, оның идеясы – бір стандартты cover story-дің орнына белгілі бір аймақтың түсін, мәдени ерекшелігін жеткізетін сән тарихын құру. Жобаның нәтижесі – Ресей, Украина, Беларусь, Әзербайжан, Өзбекстан және Қазақстанның әртүрлі аймақтарында жергілікті командалардың жасаған суреттері мен бейнежазбалары.



«Ең қолайлы ел»



Африкалық Аджибола Аканни Қазақстандағы өмір туралы әзіл-сықағымен және қазақ тіліндегі сөзімен TikTok-ты жаулап алды. Қазір жігіттің әлеуметтік желідегі парақшасында 55 мыңнан астам пікір мен миллион лүпіл бар. Біздің елде ол үш жылдан астам өмір сүріп келеді және қазіргі уақытта қаладағы ағылшын тілінің мұғалімі болып жұмыс істейді.

– Қазір менің қазақ тілі деңгейім өте жоғары емес, бірақ мен оқуды жалғастыра беремін. Аудармаға достар көмектеседі, мен олардан сабақ аламын. Қазақстан мен үшін өте қолайлы ел. Мұнда адамдар қонақжай және көмектескісі келіп тұрады. Бір жағынан, олар нигериялықтарға ұқсайды. Біздің халқымыз да мейірімді, – дейді Аджибола.

2 айда 9 өңірді аралайды



Алматылық әуесқой спортшы Қазақстанды жалғыз аралайды. Дамир Көшесев кезекті велотурын ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арнамақ.

Катал күз бен ықтимал ауа райы сынақтарына қарамастан, ол екі айдың ішінде Қазақстанның тоғыз өңірін аралап, жалпы алғанда 5500 шақырымды еңсеруге ниетті.

– Мен осылай Отанға деген сүйіспеншілігімді білдіргім келеді. Сонымен қатар, осы бастамамен кез келген адам өз мүмкіндігіне қарай Қазақстанды аралап шыға алатынын көрсеткім келді. Саяхат барысында еліміздің кең байтақ жерінің әсемдігін өз көзіңізбен көріп, бай тарихымызбен және адамдармен танысасыз. Мен мұны салауатты өмір салтын ұстануға және елдегі велосипед туризмін дамытуға шақыру деп айтар едім, – деп бөлісті Дамир Көшесев.



24 сағатта 82 рет көтеріліп, түсті

Алматылық Шыңғыс Байқашев пен Нияз Жанзақов 24 сағат қатарынан Медеу бөгетіндегі биік тау баспалдағына көтеріліп, түсті. Сол уақыт ішінде олар 82 рет көтеріліп – түсіп үлгерді, бұл шамамен 12 мың метрді құрайды.

– Бұл физикалық жағынан ғана емес, психологиялық жағынан да төзімділік челленджі. Өз мүмкіндіктеріңізді кеңейту, өзіңізді сынау мүмкіндігі. Біз 5–10 сағаттан кейін не болатынын білмедік. Баспалдақтан түсу көтерілуден де қиын болды. Күні бойы өзіммен, ұйқымен күрес болды. Мұндай челлендж үшін тиісті дайындық қажет, – деп бөлісті Шыңғыс Байқашев.

Рекордты орнату кезінде спортшылар 24 сағатты ұйқысыз өткізді, бірақ әр 4 сағат сайын ыстық шай ішіп, тамақтана отырып, аяқтарын созу үшін 10 минутқа жоспарланған аялдамаға тоқтап тұрды.

Жігіттердің көтерілуіне шамамен 8 минут, ал түсуіне шамамен 6 минут кетті. Олардың жағдайын тәжірибелі волонтер бақылап отырды.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.